Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс барысында елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері қаралды, сондай-ақ, экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі алдағы шаралар айқындалды.

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 ҚЫРКҮЙЕК СЕНБІ | 2016 жыл №137-138 (19223-19224) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ АЙҚЫН МІНДЕТТЕРІ

Елбасы жиналғандарға арнаған сөзінде бүгінде мемлекет алдында тұрған негізгі міндет – тұрғындардың тұрмыс деңгейін көтеру екенін атап өтті.

– Күрделі жағдайға қарамастан, біз 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджеттік қызметкерлердің орташа жалақысын 30%-ға, стипендия мен жәрдемақыны 25%-ға арттырып, зейнетақыны 9%-ға индексациялаймыз. 673 мың адамға мүгедектігі және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақылар көлемін 25%-ға арттырдық, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі таңдағы жаңа жағдайдың қосымша нақты шаралар қабылдауды талап етіп отырғанын айтты.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысы алдағы кезеңдегі бағыттар бойынша төмендегідей бірқатар нақты міндеттер қойды.

Жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмысбастылықпен қамту

Қазақстан Президенті жаппай кәсіпкерлік мәселелері Үкіметтің басты жұмыс бағытының бірі болып табылатынын атап өтіп, тиісті бағдарламаларды одан әрі дамытуды және қолдау тетіктерін жетілдіруді тапсырды.

– Үкімет бүгінде шағын несие беру аясын одан әрі кеңейту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс. Өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың 60%-ы ауылда тұрады. Осыған байланысты, «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында біз 5 өңірде пилоттық режимде «Ауылда жұмыспен қамту» жаңа жобасын іске асыруды қолға алдық. Оған 10 миллиард теңге бөлінді. Бұл жұмысты жүргізу барысында кооперацияларды дамыту ісіне айрықша көңіл бөлу қажет. «Кооперациялар туралы» тиісті заң қабылданды. Енді жергілікті жерлердегі ауқымды ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстары күтіп тұр. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, елді мекендерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мен өңдеуді қамтамасыз ететін кооперативтер ұйымдастыру жөніндегі шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Баршаға тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасы аясында жұмысты жалғастыру қажеттігіне тоқталды.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті Үкімет пен әкімдерге еңбек мобильділігін қамтамасыз ету және жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің бірін-бірі іздеп табуына ықпал ету жөніндегі жұмыстарды бақылауда ұстауды тапсырды.

Сонымен бірге, Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлер қызметі мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестігінің тетіктерін белсенді қолдану аясын кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінде барлық жағдайлар жасалып, құқықтық алаң қалыптасты. Қазірдің өзінде оң мысалдар бар. Мектепке дейінгі білім беру ісінде мемлекет бизнеспен бірлесіп, мемлекеттік тапсырыс мектепке дейінгі жекеменшік білім беру мекемелеріне берілу арқылы тиімді жұмыс жасай бастады. Бұл жағдайда бизнес өз инвестициясын құрылысқа өзі салады, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы министрліктер мен ведомстволардың ведомствоға бағынысты ұйымдарына оларды бәсекелік ортаға беру немесе жергілікті деңгейге лайықтау мақсатымен қайта инвентаризация өткізу қажеттігін атап өтті.

Экономиканы әртараптандыру

Нұрсұлтан Назарбаев жыл соңында мемлекеттік қазына 830 миллиард теңге қосымша кіріспен толығады деп жоспарланып отырғанын айтты. Бұл биылдың өзінде дағдарысқа қарсы жоспардан және ағымдағы проблемаларды шешуден стратегиялық даму міндеттерін орындауға ауысуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қазақстан Президенті негізгі үш міндетке тоқталды.

Агроөнеркәсіп кешені

Мемлекет басшысы «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жыл соңына дейін агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді ұсынды.

– Нарыққа неғұрлым қажетті өнім түрлеріне назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайту және әртараптандыру, өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау, ауыл шаруашылығы өндірушілер үшін ең алдымен ұзақмерзімді қолжетімді несиелендіру, қызмет көрсету-дайындау кооперативтерін, бастапқы қайта өңдеудің, өнімді сақтау мен өткізудің инфрақұрылымын қалыптарту, сондай-ақ суармалы жердің айналымын енгізу бағдарламаның басымдықтары болып саналуға тиіс. Алдағы бес жыл ішінде кемінде 600 мың гектар суармалы жерді айналымға енгізу керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдер ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануға қатаң бақылау жүргізуге тиіс. Бұл жерлерді апатты жағдайдағы су қоймаларын жөндеу және жаңасын салу есебінен қажетті су көлемімен қамтамасыз ету керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті агроөнеркәсіп кешеніндегі субсидиялау жүйесін жетілдіру, тиімсіз субсидиялауды доғару және өнімділікті арттыруға назар аудару қажеттігін атап өтті.

Елбасы ветеринарлық қауіпсіздік мәселелерін қозғай отырып, Үкіметке биыл агроөнеркәсіп кешенін қолдауға қажетті қосымша 97 миллиард теңге қаражат бөлуді тапсырды.

– Биыл сібір қарасынан бірнеше өңірде орын алып, одан адамдар да өлді. Біз ауруды емдеу үшін қаражат көбейтудің орнына, оны түбегейлі жоюымыз қажет. Әкімдер ветеринарлық қауіпсіздікті сақтауға тікелей жауапты болады. Бұл мәселелер 2014 жылдан бастап жергілікті биліктің құзыретіне жатады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Экспорттық әлеуетті индустрияландырудың жаңа кезеңі есебінен әртараптандыру

Қазақстан Президенті бүкіл экономика мен экспорттың әртараптандырылуы оның тұрақтылығының кепілі екенін, Үкімет пен әкімдер экспортты жандандыру мен дамытуға ден қоюы тиіс екенін айтты.

– Біз Индустриялық бағдарламаның екінші бесжылдығына көштік. Таңдалатын жобалардың сапасын арттыру өте маңызды. Жаңа бесжылдықта шикізаттық емес экспорттық өнімге басымдық берілу қажет екенін баса айтқым келеді. Экспорттық әлеует, жоғары өнімділік, жаңашылдық таңдалатын жобалардың негізгі өлшемдері болуы тиіс. Үкіметке осы бағдарламаны қолдауға қажетті қосымша 112 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев Қытаймен «Жібек жолының экономикалық белбеуі» бастамасының аясындағы келісімді іске асыру экономиканы әртараптандырудың маңызды бағыты болып саналатынын атап өтті.

– Қазақстан мен Қытайдың 51 жобасынан тұратын тізбе жасалды. Бұл жобалар осы кезеңде айрықша өзекті болып саналатын қосымша құн және жаңа жұмыс орындары түріндегі жақсы экономикалық нәтижеге жеткізеді. Үкімет «Жібек жолының экономикалық белбеуі» бастамасы аясында белгіленген жобалардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

2-бет

ТАҒАЙЫНДАУ

«Б.Ә. Сағынтаевты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қызметіне тағайындау туралы» Жарлық

Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы
9 қыркүйек

* * *

«А.Ұ. Мамин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» Жарлық

Асқар Ұзақбайұлы Мамин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы
9 қыркүйек

* * *

Осы уақытқа дейін ҚР Үкіметін басқарып келген Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып тағайындалды.

Құрбан айт құтты болсын!

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан айт – дін мен ұлтқа бөлінбестен, барша отандастарымызды ынтымақ пен бірлікке, бір-біріне мейірімді де қайырымды болуға шақыратын ұлық мереке.

Қасиетті айт күндері барша мұсылман қауымы изгілікті амалдар жасауға асығады. Әрбір мұсылман баласы айтта тек қана құрбандық шалумен шектелмей, ағайын-туысына, мүгедектер мен мұқтаж жандарға, көршілері мен жетімдерге қолұшын беріп, қайырымдылық пен қамқорлық таныту арқылы қоғамның тұтастығына, ұлттар мен діндердің өзара ынтымақтастығына жол ашады.

Біздің діни дәстүрлеріміз арқылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстар рухани келісімде өмір сүруде. Көпұлтты және көпконфессиялы еліміздің даму жолында діни тағаттылықтың жоғары мәдениеті қалыптасты. Бұл – біздің басты мақтанышымыз.

Қасиетті күндердегі изгі амалдарыңыз бен ниеттеріңіз қабыл болсын! Елімізде әрқашанда бейбітшілік, бірлік пен келісім болғай!

Құрбан айт әрбір отбасына аман-дық, елімізге бірлік пен ынтымақ әкелсін!

Ізгі ниетпен,
облыс әкімі Қ.Көшербаев.

СОЛ ЖАҒАЛАУ – БОЛАШАҚ ҚАЛА

Соңғы жылдары Қызылорда қаласын перспективалық дамыту бағытында көптеген жобалар қолға алынып, жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Ғ.Мұратбаев көшесі басынан Сырдария өзені үстіне салынып жатқан көпір мен құрылысы биыл басталған айналма жол. Дария жағасында салынған айналма жол таяу күндері қалалықтар мен қала қонақтарының игілігіне берілсе, бізді жаңа қаламен байланыстыратын дәнекер-көпірдің құрылысы алдағы қараша айында аяқталады.

Кез келген мемлекеттің өзен бойына орналасқан қалалары өзіндік кескін-келбетімен, көзтартар сәулеттілігімен ерекшеленеді. Екі жүз жылдық тарихы бар Қызылорда қаласы әу бастан дарияның оң жағалауын бойлай салынған. Сол себепті Сырдария секілді ірі су артериясының микроклиматын, яки, ұлы өзеннің табиғи әсемдігі мен тартымдылығын облыс орталығының сәулеттік келбетін қалыптастыруға пайдалана алмадық. Енді бұл олқылықтың орнын Қызылорда қаласының бас жоспары толтырмақ. «Біз Астананың үлгісі бойынша өзеннің сол жақ жағалауын игеру арқылы жаңа қала саламыз», деген еді облыс әкімі инвестициялық форумда. Иә, Қызылорда қаласы болашақта елорда сияқты оң және сол жағалау болып екіге бөлінеді. Аталған жобада Сырдарияның Есіл өзені сияқты табиғи тартымдылығы ескерілген. Алдағы жылдан бастап облыс орталығының перспективалық дамуы дарияның сол жағалауында жүзеге асырылатын болады.

«Мостоотряд-25» компаниясы жүргізіп жатқан құны 6 млрд теңгеге жуық көпір құрылысы осы қараша айында ел игілігіне беріледі. Ұзындығы – 387 метр, ал ені 22,4 метрді құрайтын нысан құрылысы біткенде ұлы дарияның сол жақ бөлігін игеру басталады. Онда қаланың жаңа әкімшілік орталығын қалыптастыру қарастырылған. Аумағы 1532 гектар болатын жаңа қалада 3 млн шаршы метрді құрайтын тұрғын үй кешені орналасады. Бұл 2025 жылға дейін 50 мыңнан астам адамды баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоба аясында 16 мектеп, 12 балабақша және 4 денсаулық сақтау мекемесі, 15 мың көрерменге арналған стадион және тағы басқа нысандардың құрылыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Айта кетейік, мұнда 5, 9 және 12 қабатты құрайтын тұрғын үй кешендері бой көтереді. Қаланы салушылар архитектураның шығыстық стиліне тоқталыпты.

Сол жағалау бөлігінде жаяу жүргіншілерге арналған бульварлар, субұрқақтар мен жасыл аймақтар, мейрамханалар желісін салу көзделіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, мұндағы жаңа қала барлық озық талаптарға сай келеді. Орайлы тұста Азия даму Банкі Қызылорда қаласының сол жағалауын дамытуға қажетті инженерлік инфрақұрылым, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды салу жобаларына қаржы құймақшы. Аталған банк бұл жобаны «ақылды» қаланы дамытуға бағытталған инфрақұрылымдық кешенді бағдарлама ретінде іске асыруға ниеттеніп отыр.

Келешекте сол жағалау толықтай игерілгенде жаңа мекенге 150 мың адамды қоныстандыру жоспарланған. Бұл жобаға қоса, бас жоспарға сәйкес Сұлтан Бейбарыс көшесіне Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралықта Сырдария өзенінің бойында ұзындығы 7 шақырымды құрайтын айналма жол салынуда. Алдағы уақытта осы жолды жағалай көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр.

Сонымен, бірегей жоба сәтімен жүзеге асқан кезде Сырдың бас қаласы жаңаша келбетке ие болады. Ал ең бастысы, қаланың аумағы кеңеюімен қатар, оның экономикалық дамуы да қарыштап алға басады.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.
Н. НҰРЖАУБАЙ, Б.ЕСЖАНОВ (сурет).

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ АЙҚЫН МІНДЕТТЕРІ

Көлік инфрақұрылымын дамыту

Мемлекет басшысы «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы бүгінде көлік инфрақұрылымын дамыту мен экономиканы қолдаудың басты тетігі болып отырғанына назар аударды.

– Алдымызда көлік әлеуетін дамыту мен өңірлік көлік-логистика хабын құру жөніндегі міндеттер тұр. Азия-Еуропа бағытындағы контейнерлік көлік тасымалының көлемі қарқынды түрде өсуде. Биылғы жеті айдың ішінде ғана ол былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 2,5 есе артты. Бұл жұмысты биыл жалғастырып, жыл соңына дейін «Алматы-Шу» теміржол желісінің алғашқы іске қосылатын кешенін, Құрық портындағы паром кешенін, ұзындығы 920 шақырымдық автомобиль жолының құрылысын және оны жөндеу жұмысын аяқтау қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қолға алынған жобалардың іске асырылуын жеделдетуге биыл қосымша 74 миллиард теңге бөлуді тапсырды.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық Банкке алдағы уақытта ең алдымен іске асырылуға тиіс бірқатар міндеттер қойды. Мәселен, Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қордан алынатын трансферттерді қатаң регламенттеуді тапсырды.

– Тағы бір мәселе – бюджеттаралық қатынастар. Соңғы 10 жылда республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер есебінен қаржыландыру көлемі едәуір артып, қаржыландырылатын салалар да айтарлықтай көбейді. Оның мөлшері 2016 жылы жергілікті бюджеттерден түсетін қаражаттың 36%-на жетті. Жергілікті маңызы бар жобаларды республикалық бюджет есебінен қаржыландыруды тоқтату қажет. Бұл мәселені әкімдіктер өздері дербес шешуге тиіс. Үкіметке бюджеттаралық қатынастарды жетілдіру жөнінде келісілген ұсыныстар әзірлеп, енгізуді тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы 2016 және 2017 жылдары инфляция деңгейін 6-8%-ға дейін төмендету макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті маңызды шарт екенін атап өтті.

– Еркін айырбас бағамына көшу арқылы біз өнім өндірушілеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткіздік. Өңдеу өнеркәсіптеріндегі өсім қарқыны қалпына келе бастады. Бірақ теңге бағамына түзету енгізу инфляциялық үдерістердің белең алуына әкеп соқтырды. Бізге инфляция деңгейін биылғы жылдың соңына дейін бір таңбалы санға дейін төмендетуге қол жеткізу маңызды. Халықтың әлеуметтік бақуаттылығы үшін бұл аса қажет. Сондықтан бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мен тиісті шаралар қабылдап, табиғи монополиялар қызметінің тарифтерінің өсуіне биыл жол бермеуді тапсырамын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

1-бет

Қазақстан Президенті валюта нарығындағы ахуалдың тұрақталуы қазірдің өзінде оң нәтиже бере бастағанын айтты.

– Долларсыздану үдерісі басталды. Теңгемен салынған депозиттер өсіп келеді, бұл банк қорын толықтырудың теңгелік базасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Теңгемен салынған депозиттер үлесі 2016 жылдың басындағы 31%-дан 1 тамызда 41%-ға дейін артты. Соған орай несие беру мөлшері қайтадан көбейе түсуде. Биылғы жеті айда шағын бизнеске берілген несие портфелі 2,1 триллион теңгеден 2,8 триллион теңгеге дейін ұлғайды, өсім 740 миллиард теңге немесе 36% болды. Дегенмен, қарқынды экономикалық даму үшін бұл жеткіліксіз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банкке Үкіметпен бірге ұзақмерзімді несиелік белсенділікті қалпына келтірудің қосымша шараларын қабылдауды тапсырды.

Қазақстан Президенті экономикаға инвестиция тартудың елеулі жолының бірі халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражат алу екенін айтты.

– Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық жөніндегі бағдарлама 2014 жылы мақұлданған болатын. Сол себепті, осы бағдарлама бойынша халықаралық қаржы ұйымдары, оның қатарында Дүниежүзілік банк, ЕҚДБ, АДБ, ИДБ 5 жылда Қазақстанға 7 миллиард доллар бөлуді жоспарлап отыр. Үкімет пен әкімдер осы бағдарламаның аясын кеңейту және экономикаға қосымша қаражат тарту мүмкіндігін қарастыруы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев тұрғын үй мәселесіне арнайы тоқталды.

– Тұрғын үй құрылысын дамытуға біз зор көңіл бөліп отырмыз. Былтырдың өзінде республикада 9 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – еліміз үшін рекордтық көрсеткіш. Тұрғын үй құрылысының көлемі 2016 жыл қорытындысында 10 миллион шаршы метрден асады деп болжануда. Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету міндетін орындау үшін 2005 жылдан бері тиісті мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Дегенмен, көпшіліктің тұрғын үйге мұқтаждығы әлі де айтарлықтай жоғары. Жұртты тұрғын үймен қамтамасыз ету міндетін орындау ісі кешенді жаңа шараларды талап етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Осы орайда Мемлекет басшысы Үкіметке бірыңғай «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын әзірлеуді, оған қазіргі қолданыстағы бағдарламалардың барлық мәселесін кіріктіруді тапсырды.

– Жаңа бағдарламада мына мәселелерді ескеру керек. Тұрғын үй құрылысын тікелей қаржыландырғаннан гөрі жекеменшік құрылысшыларды ынталандыру ісіне баса ден қойған жөн. Олардың тұрғын үй салу кезіндегі шығындарын азайтып, мемлекет өз ресурстарын инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдар әзірлеуге жұмылдыруы керек. Бұл бюджеттен қаржыландырудың үлесін азайтып, жеке инвестицияны көбірек тартуға мүмкіндік тудырады. Сондай-ақ, төлем қабілеті бар тұрғындар тарапынан сұранысты жандандыру керек. Коммерциялық банктердің ипотекалық несие беруін жандандырып, пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қоса өзге де арзандату бағытындағы шараларды ойластыру қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті бағдарламаның тағы бір компоненті тұрғын үй құрылысы жинағы жүйесі арқылы несиелік тұрғын үй құрылысын жалғастыру болуы тиістігін атап өтті.

– Бұл ретте несиелік тұрғын үй құрылысын бюджеттен тыс қаржыландыру жүйесіне көшіру керек, ал бюджеттен займдық ресурстар құнын төмендету үшін субсидиялау түрінде ғана қолдау көрсеткен жөн. Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту қажет. Бұл міндеттің орындалуы мемлекеттің бөлінетін жерлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мүмкіндігімен тікелей байланысты. Сондықтан Үкімет мұндай инфрақұрылым қалыптастыруға жұмсалған қаражаттың қайтарылу механизмін ойластыруы тиіс. Бұл оны қайтарымды негізде ұдайы қайтадан пайдалануға мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев әкімдерге Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге қолда бар жер қорына талдау жүргізіп, бас жоспарларды тиісінше өзгерту жөнінде ұсыныс беру міндетін қойды.

– Сонымен қатар, әкімдерге мемлекет мұқтажы, соның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер сатып алуға қосымша құқық беру керек. Көлікке қатысты шешімдерді, қандай әлеуметтік инфрақұрылым қажеттігін алдын ала ойластыру қажет. Бұл бағдарламаның елеулі әлеуметтік әсері болатынына сенімдімін. Жаңа жұмыс орындарына қоса, миллиондаған қазақстандықтар тұрмыс жағдайларын айтарлықтай жақсарта алады. Жаңа бағдарламаның маңызды әлеуметтік мәнін ескере отырып, Үкіметке «Нұр Отан»партиясымен бірлесіп, оны халықпен, жұртшылықпен және бизнес өкілдерімен бірге егжей-тегжейлі талқылауды тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы отырысты қорытындылай келіп, айтылған міндеттерді орындау үшін Үкіметке биылғы республикалық бюджетті нақтылау жұмысын жүргізуді тапсырды.

– Басымдығы бар жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қосымша 380 миллиард теңге, оның 280 миллиард теңгесін мен бүгін айтқан шараларды іске асыруға, ал 100 миллиард теңгесін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, Астанадағы білім беру және инфрақұрылым нысандары құрылысына бағытталған және өзге де шығыстарға бөлу қажет. Ұлттық қордың қаражатын сақтап, одан әрі жинақтау мақсатымен 2016 жылы кепілдендірілген трансферт көлемін 400 миллиард теңгеге қысқартуды, сондай-ақ мақсатты трансфертті 50 миллиард теңгеге азайтуды тапсырамын. Үкімет менің тапсырмаларымды жүзеге асыру үшін 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында алдағы үшжылдық кезеңнің шығыстарын қарастыруы қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Отырыс барысында Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі А.Мырзахметов, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.Дүйсенова, Ұлттық экономика министрі Қ.Бишімбаев, Қаржы министрі Б.Сұлтанов, Ұлттық банк төрағасы Д.Ақышев, біркатар облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқармасының төрағасы Ө.Шөкеев, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқармасының төрағасы С.Мыңбаев баяндама жасады.

БРИФИНГ

ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ТОЙЛАНАДЫ

Биыл қасиетті Құрбан айт мерекесіне дайындық жоғары деңгейде. Орталық "Ақмешіт-Сырдария" мешітінің алаңына киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен сайыс ұйымдастырылады. Құрбан айты қарсы алудағы шаралар легі мен қасиетті мереке хақында орталық "Ақмешіт-Сырдария" мешітінің бас имамы, ҚМДБ-ның облыс бойынша өкіл имамы Талғат Омаров Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте мәлім етті.

Иісі мұсылман қауымының қасиетті мерекесі – Құрбан айт биыл қыркүйек айының 12-14 күндері аралығына сәйкес келеді. Ал 11-қыркүйек – Арафа. Құран Кәрімде: "Кімде-кім Арафа күнін құлшылықпен өткізіп, осы күні ораза ұстаса, оның күнәлары кешіріледі" делінген. Яғни, Арафа күнінің маңызы Құрбан айттан кем түспейді.

– Арафа да қасиетті күн. Адам ата мен Хауа ана бір-бірін 300 жыл іздеп, Меккедегі Арафат тауында Арафа күні кездеседі. Әлі күнге қажылар осы күні таудың төбесіне шығып, Алладан тілек тілейді, – деді Т.Омаров.

Ал Құрбан айтта құрбандық шалу – Ибраһим пайғамбардан қалған сүннет. Құрбандық айттың алғашқы күні айт намазынан соң шалына бастау керек. Оған дейін бауыздалған мал құрбандық болып есептелмейтінін ескерген жөн. Құрбандық шалатын адамға қойылар талаптар: мұсылман болуы керек, балиғатқа толған, ақыл-есі түзу адам болу қажет. Сондай-ақ, сол күні сапарда болмағаны ләзім. Ал құрбандық шалу – жағдайы жететін адамдарға ғана уәжіп саналады. Құрбандыққа ауру, ақсақ, сокыр, арық мал жарамайды. Сондай-ақ, төрт түлік мал ғана құрбандыққа шалынады. Қой, ешкі бір жасқа, сиыр екі, түйе малы бес жасқа толуы керек. Малды бірлесіп союға болады.

– Мәселен, түйені 7 адам бірлесіп құрбандыққа шалуға болады. Әйтпесе, сол жетеудің алтауы шын ниетімен, біреуі жілік алу ниетімен ғана біріксе, түгелдей құрбандық қабыл болмайды. Сондықтан, құрбандықты шын ниетімен шалу керек. Барлығы ниетке байланысты. Ел аузында жесір әйелге құрбандық шалуға болмайды деген де әңгіме бар. Шариғатта мұндай тыйым жоқ, – деді бас имам.

Орталық мешітке бүгінге дейін 200 отбасынан қайырымдылық көмек алу мақсатында өтініштер келіп түскен. Бас имам Құрбан айт мерекесі қарсаңында өткізілетін жәрмеңкеден түсетін қаржы мен құрбандыққа шалынған мал еттерін осы отбасыларға үлестірілетінін жеткізді.

Аян СПАНДИЯР.

ҚАЛА КҮНІНЕ ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРУДЕ

Дәстүрлі қала күнін мерекелеу қыркүйек айының үшінші онкүндігіне жоспарлануда. Биылғы мереке қарсаңында түрлі әлеуметтік нысандар ашылмақ. Олардың қатарында арайлы Ақмешіттің солтүстік-батысынан кіреді қақпа бар. Яғни, Сырдария, Жалағаш аудандарынан облыс орталығына енетін қақпаның ресми ашылуы шаһар мерекесімен тұспа-тұс келіп тұр. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен жүздескен қала әкімінің орынбасары Нұрхан Жәлиев мәлім етті.

Облыс аумағында 800 мың адам тұрса, оның 300 мыңға жуығы Қызылорда қаласында қоныстанған. Дәстүрлі мерекеде осынша халықтың жоғары деңгейде көңіл көтеруіне баса назар аударылады. Алғашқы шара 19-23 қыркүйек аралығындағы қала жастары арасында футбол додасы. Жастар арасындағы сайыс жеңімпаздары 24 қыркүйек күні Орталық алаңда өтетін гала-концертте марапатталатын болады.

– Негізгі шара 24 қыркүйек күні өткізіледі. Соңғы кездері әлеуметтік желілерде «Сыр сүлейлері» аллеясы қолданылмай келеді" деген пікірлер кездесіп жатыр. Осы аллеяда қала күні мерекесі аясында облыс аумағындағы қолөнер шеберлері туындыларының, ұлттық тағамдардың көрмесін өткізіп, жыршы-термешілердің өнері тамашаланады. Онан соң қалаға қарасты елді-мекендердің ұйымдастыруымен қымыз-шұбат фестивалі өткізіледі, – деді Н.Жәлиев.

Мерекелік шараның екінші бөлімі Орталық алаңда жалғасады. Алдымен кешкілік ата-аналар мен балалар бірге қатыса алатындай спорттық сайыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, балалар үшін батуттар қойылып, батпырауықтар фестивалі өткізіледі. Одан бөлек ұлттық спорт түрлерінен де жарыстар болады. «Ертегілер елінде» кейіпкерлерінің шеруінен соң «Гүлденген Қызылорда» атты гала-концерт бастау алмақ. Орталық алаңдағы жаңа субұрқақтың да ресми ашылуы осы гала-концерт аясында өткізіледі.

– Бұрынғы субұрқақтың тұрғанына 15 жылдай уақыт болған. Сондықтан оны жөндеп, жаңартқаннан гөрі, заманауи үлгідегі субұрқақ салғанды жөн санадық. Бүгінгі нысанда түрлі-түсті шамдар жанып, су жоғарыға атқылап, келушілердің көңіл-күйлерін көтеріп тұр. Оның үстіне, су атқылаған сайын түрлі патриоттық әндер ойнатылады. Мұның барлығы бүгінде халықты қуанышқа бөлеп тұр, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жергілікті басшылық өкілдерінің қала халқын құттықтауынан соң гала-концертте жергілікті көркемөнерпаздар өнер көрсетпек. Шара соңы мерекелік от шашуға ұласады. Айта кетейік, осы күні қала көлеміндегі қоғамдық көліктер күшейтілген режимде жұмыс істейді.

Қала әкімі орынбасарының айтуынша, келесі күні, яғни, 25 қыркүйекте Астана даңғылы бойында қалаға қарасты елді мекендер шаруашылықтарының қолдауымен азық-түлік өнімдері жәрмеңкесі өткізіледі деп жоспарлануда. Күзде егінін жинап, көкөнісін қапқа түйген ауылдағы диқандар өнімдерін қала жұртшылығына ұсынатын болады.

Нұрхан Бұқарбайұлы өз кезегінде биылғы мерекеде қала тазалығына баса мән берілетінін жеткізді. «Таза қала – өз үйім» деп, әрбір қызылордалық өз қаласына жанашырлықпен қарауын сұраған әкім орынбасары бүгінгі жұмыстардың күшейтілгенін тілге тиек етті.

Дәулет ҚЫРДАН.

«ШАЛҚИЯ» ҚАЙТА ШАЛҚИДЫ

Қарт Қаратаудың бауырына басқан мол қазынасын игеру бағытындағы бастама бүгінде нақты іске негіз болды. Осылайша Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кеніші қайта жанданды. Кешегі кеңестік кезеңде «Шалқия» кішігірім қала кейпіне еніп, мұнда көпқабатты үйлер бой түзеді. Жаңа типтегі әлеуметтік нысандар халықтың игілігіне айналды. Мұнда КССРО-ның жержерлерінен кеншілер ағылып, бұл жердегі тұрғындар саны керек десеңіз, он мыңнан да асты. «Шалқиядағы» қорғасын-мырыш өндірісі елдегі ірі кеніш санатына да жатқызылды.

Ал еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін «Казгипроцветмет» институты арқылы «Шалқия кенішінің жерасты құрылысы туралы» жобасы жасалынып, мұндағы қазба байлықтың мөлшері бірнеше миллион тоннаға жететіндігі зерттелінді. Ал 2012 жылы «Казгорпроектсервис» ЖШС арқылы Шалқиядағы түсті металл жерасты қазба байлығын игеруді іске қосу жобасы мақұлданып, оны жүзеге асыру барысында кеніш басында кен байыту комбинатын салу қажеттігі де нақтыланды. Бұрын өндірілген шикізат кеніштен 165 шақырым қашықтықтағы Кентау қаласынан тасымалданып келген болса, өндіріс ошағын жаңаша іске қосуда мұндай шығындардан арылу ескерілді. Шалқияны қайта жаңғырту бастамалары облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың жүйелі ұсыныстарымен жетілдіріле түсті. Нәтижесінде шалғайдағы Шалқияның түтіні түзу ұшып, өндіріс ошағы заманауи талаптарға сай қайта жаңғыртылатын болды.

Жаңа жобаға 490 млн АҚШ доллары қажет болса, оның 320 млн доллары алғашқы үш жыл ішінде игерілуі тиіс. Осы арада кен байыту комбинатын салу арқылы жұмсалған қаржының қысқа мерзімде өтелетіндігіне мамандар сенімді. Сонымен қатар елдің әлеуметтік жағдайы көтеріліп, көптеген жергілікті тұрғындар жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етілетін болады.

Қазіргі кезеңде «Шалқия» кенішінде кен өндірумен айналысатын «Шалқия Цинк ЛТД» кәсіпорнын қайта жандандыру барысында «Самұрық-Қазына» АҚ құжаттарды дайындап, қорғасын-мырыш кенін қалпына келтіру процесі басталды. 2015 жылы кеніштегі қалпына келтіру жұмыстары аяқталса, үстіміздегі жылы кен байыту комбинаты құрылысы бойынша жобалық құжаттары бекітіліп, жыл соңында оның құрылысын бастау міндеті тұр.

Металлургия өндірісінде кеңінен қолданылатын кен байыту комбинатының өнімдерін гидрометаллургиялық әдіспен өңдеп, металды мырыш пен құрамында қорғасын, мыс, күміс және басқа да сирек кездесетін металдары бар қорғасын кегін алу жаңа технологиямен жүргізілетін болады. Ол жоғарыда айтып өткеніміздей, кен байыту комбинатының жанынан металлургиялық зауыт салу. Аталған жоба 2015 жылы Индустрияландырудың республикалық картасына енгізілді. 2006 жылы австралиялық «AMC Consultans» консальтингтік компаниясы «Шалқия» кен орнының қорын зерттеп, аудит жүргізді. Оны халықаралық JORC стандартына енгізді. Осы аудит көрсеткішіне сай, мұнда қазба байлықтың қоры 265 млн тонна шамасында болса, оның құрамында 8,3 млн тонна мырыш және 2 млн тонна қорғасын бар екендігіне болжам жасалынды.

– Бүгінде «Шалқияда» жұмыстар жоспарға сай жүріп жатыр. Алғашқы кезеңде жылына 2 млн тоннаға дейін кен байытатын кешен салу жоспарланған. Оны 2018 жылы іске қосу межеленіп отыр. Ал оның өнімділігін 4 млн тоннаға дейін жеткізу 2021 жылы жүзеге аспақ. Құрылыс жанданған кезеңде бұл жерде 1 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылатын болса, өндіріс толық іске қосылғанда 1500-ден астам адам тұрақты жұмыс істейтін болады деген есеп жасалынды, - дейді Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Ғалымжан Сопбеков.

Қазір «Шалқия» кенішінде ұшқабатты әкімшілік-тұрмыстық ғимараты мен «Выдачная» шахтасына дейін баратын жолға күрделі жөндеу жүргізілді. Биылғы жылы кен байыту комбинаты құрылысы бойынша жобалық құжаттарды бекітіп, келер жылы оның құрылысын бастау жоспарлануда. «Тау-Кен Самұрық» «Шалқия» кен орнын неміс және фин компанияларымен бірлесіп игереді және кеніш заманауи технологияларымен жарақтандырылады. Бүгінгі таңда еншілес кәсіпорындар жұмысшыларын қоса қанда кеніште 435 адам еңбек етуде.

Ия, Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Сыр өңіріндегі ауқымды өндіріс орны – «Шалқия» кеніші қайта жанданып, еліміздің даму барысына ауқымды үлес қосатын болады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

ЖОБА

Концессиялық жобаларды және жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау бойынша заңды тұлғаларды айқындау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Концессиялар туралы» және 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңдарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және «Қызылорда облысының аумақтық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша;

жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі заңды тұлғалар ретінде айқындалсын.

2. «Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша заңды тұлғаны айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №934 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4983 нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 21 мамырда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д.Ысқақовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

СЫР ЕЛІНДЕГІ СОНЫ СЕРПІН

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ИГІЛІГІ

Елімізді индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан-2050» Стратегиясының ұзақмерзімді басымдықтарын, еліміздің әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіру жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленгені белгілі. Өңдеуші өнеркәсіпті ықталандыру, әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында аталған бағдарламаның берері мол. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев индустрияландыру саясатын бір жағынан экономиканы әртараптандырудың маңызды бағыты, екінші жағынан жаһандық дағдарыс құбылыстарына қарсы кешенді шара ретінде қарастырды.

Осы орайда 2010-2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Сыр өңірінде құны 82 млрд теңгенің 17 жобасы іске қосылып, 1 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Ал қазіргі күні 17 жобаның 13-і жобалық қуатында тұрақты өнім шығаруды қамтамасыз етіп отыр. Олар – «ҚазГермұнай» БК ЖШС, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» ЖШС, «Рза» АҚ, «УАД» ЖШС, «Кристалл менеджмент» ЖШС, «Тату Агро» ШҚ, «СКЗ-U» ЖШС, «АзовАрал АгроМаш» БК» ЖШС, «СПК Қызылорда балық» ЖШС, «Дорстрой» ЖШС, ЖК «Палжанов», «Хуа ю интернационал в г. Кызылорде» ЖШС, «Аралтұз» АҚ кәсіпорындары. Қалғандары жобалық қуатынан төмен көлемде жұмыс істеуде.

Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында облыста құны 387,7 млрд теңгені құрайтын 50 жоба іске асырылып, оның аясында 5 мыңнан аса жұмыс орнының құрылуы күтілуде. Осы ретте 2015 жылы құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылып, 253 адам жұмыспен қамтамасыз етілгенін айта кету керек.

Олар – «Жан-Арай Жем» ЖШС – құрама жем зауыты, құны – 375,9 млн теңге, жұмыс орны – 60 адам, Қызылорда қаласы, қуаты – тәулігіне 80 тонна құрама жем, «Максима логистикс Казахстан» ЖШС – керамикалық кірпіш зауыты, жоба құны - 300,0 млн теңге, Қызылорда қаласы, қуаты – жылына 15 млн дана кірпіш, жұмыс орны – 50 адам, «Казэнергосбережение» ЖШС – LED жарықтандыру құралдарын шығару зауыты, Жалағаш ауданы, жоба құны – 98,3 млн.теңге, қуаты – жылына 31,2 мың дана шам жинақтау, жұмыс орны – 30 адам, «Тоғыс-Аралотын» ЖШС – күйдірілген кірпіш шығару зауыты, жоба құны – 30,8 млн.теңге, қуаты – жылына 4 млн дана, жұмыс орны – 45 адам, «РМЗ Шапағат» ЖШС – Үй құрылыс комбинаты, Қызылорда қаласы, жоба құны – 1454 млн теңге, қуаты – жылына 35 мың шаршы метр тұрғын үй, жұмыс орны – 68 адам.

2015 жылы іске қосылған 5 жоба 88,7 млн теңгенің өнімін өндірді. Биылғы жылы Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында инвестиция көлемі 2 млрд теңгені құрайтын, 357 жұмыс орнымен қамтитын 9 жобаның іске қосылуы жоспарланған. Оның үшеуі бүгінде жұмыс жасалып жатыр.

Ал республикалық карта аясында «Шыны зауыты» жобасы іске асырылуда. Жоба құны – 36,7 млрд теңге. Жоба жүзеге асуымен 310 жұмыс орны ашылады. Зауыт жылына 197100 тонна табақша шыны шығарады. Оның құрылысы 2017 жылдың II тоқсанында аяқталады деп жоспарланған. Сонымен қатар, ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне жалпы құны 158,1 млрд теңгені құрайтын екі жоба – «Шалқия» кенішін игеру және кальцийлендірілген сода шығару жобалары жолданып, оларды республикалық Индустрияландыру картасына қосу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Міне, аймақта индустрияландырудың екінші бесжылдығында осындай ауқымды жобалар қолға алынған. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде экономикада қол жеткізілген қарқын сақталып, іс-шаралардың барлығы негізгі басымдықты өндірістің төмендемеуіне, жаңа жұмыс орындарын құруға, халықтың өмір сүру деңгейін әрі қарай көтеруге бағытталып, дағдарыс дауылын жеңіп шығатын болады.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫМЕН ҚАТЫНАС

Нақты кезеңде облыс әкімдігі халықаралық қаржы ұйымдары және «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік» негізінде 333 млрд теңгені құрайтын 31 жобаны іске асыруда.

Облыс әкімінің бастамасымен 7 мәрте өткізілген «Байқоңыр» инвестициялық форумы нәтижесінде барлығы 70-тен астам әріптестік туралы шарттар мен меморандумдарға қол қойылды. Соның арқасында облыс экономикасына 100 млрд теңгеден астам тікелей инвестиция тартылды. Бүгінгі күні Сыр өңірімен қоян-қолтық жұмыс істеп жатқан ұйымдар қатарында Европалық қайта құру және даму банкі, Азиялық даму банкі, Ислам даму банкі, Халықаралық қайта құру және даму банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы («IFC») секілді беделді қаржы ұйымдары бар.

Облыс әкімдігі мен Европалық қайта құру және даму банкі бірлескен 8 ауқымды жобаны жүзеге асыруды бастап кетті. Оның 7-і облыс орталығы – Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамытуға арналған. Олардың қатарында Қызылорда қаласының жылу жүйесін жаңарту; Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласындағы темір жолдың арғы бөлігінің электр жүйелерін жаңарту; Қызылорда қаласын сумен қамту және су бұру жүйесін қайта құру, қаладағы автобус паркін салу және жолаушы тасымалын жаңғырту сияқты жобалар. Бұл – бір ғана беделді банктің қатысуымен өңірімізде жалпы сомасы 60 млдр теңгеден асатын жобалар жүзеге асырылып жатыр деген сөз. Сондай-ақ, Халықаралық Ислам қаржы ұйымдары және Азия даму банкімен инфрақұрылымдық, индустриялық, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тұрғын үй жобаларын іске асыру төңірегінде келіссөздер жүргізілуде. Атап айтқанда, Азия даму банкімен Қызылорда қаласының сол жағалауын дамытуға қажетті инженерлік инфрақұрылым, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды салу жобаларын кезең-кезеңмен іске асыру мүмкіндіктері қарастырылуда. Аталған банкі бұл жобаны «ақылды» қаланы дамытуға бағытталған инфрақұрылымдық кешенді бағдарлама ретінде іске асыру туралы ұсыныс енгізді. Бұдан бөлек, «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ Қызылорда облысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудағы алғашқы өңір ретінде белгіледі. Соның аясында «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығымен» бірлесіп 5 жобаға инвесторлар тарту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, ауысымына 500 адам қабылдайтын емхана, Қызылорда қаласында салынатын кәсіптік-техникалық лицей, облыс орталығы әуежайының жолаушылар терминалының құрылысы, апаттық жағдайдағы мектептердің орнына 11 мектеп салу, сонымен бірге Сырдария ауданының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту жобалары бар. Мұның бәрі Елбасының тапсырмасымен облысымыздың инвестиция тарту бойынша ілкімді жұмыстар атқарып жатқанын айқындаса керек.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ҚОНЫСТОЙ КӨБЕЙДІ

Елбасы жыл сайын халыққа арнаған Жолдауларында елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту, оның ішінде баспанамен қамтамасыз ету қажеттігін баса айтып келеді. Әлемді дағдарыс шарпыған кездің өзінде де Қазақстан құрылысқа бөлінер қаржы көлемін ұлғайтып, жаңа жұмыс орны мен бизнеске қолайлы жағдай жасап бақты. Осы орайда «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында еліміз бойынша жыл сайын жалпы көлемі миллиондаған шаршы метр болатын тұрғын үй салу жоспарланғанын айта кеткен жөн.

Осы ретте Сыр өңірінде тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету туралы Елбасы тапсырмасы жоғары деңгейде орындалуда. «Бәйтерек Девелопмент» АҚ желісі арқылы 102 мың шаршы метрді құрайтын 1520 пәтері бар 29 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Оның ішінде, үстіміздегі жылдың мамыр айында «СПМК-70» шағын ауданында 18,4 мың шаршы метр болатын 270 пәтері бар 5 көпқабатты тұрғын үй құрылысы аяқталды. Жыл соңына дейін 1250 пәтерлік 24 көпқабатты тұрғын үй құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. («Арай-3» шағын ауданында 12 тұрғын үй (600 пәтер, 36,7 мың шаршы метр), «Сәулет» ауданында 7 тұрғын үй (350 пәтер, 21,7 мың шаршы метр), «СПМК-70» шағын ауданында 5 тұрғын үй (300 пәтер, 21,6 мың шаршы метр).

Ал «Тұрғын үй құрылыс жинақ Банкі» АҚ желісі арқылы Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесі бойындағы 6,6 мың шаршы метрді құрайтын 60 және 40 пәтерлі екі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. Сонымен қатар, «Арай-3» шағын ауданында 28,4 мың шаршы метрді құрайтын 420 пәтерлі 8 көпқабатты үй тұрғызылуда. Келесі кезекте «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры АҚ желісі арқылы Желтоқсан көшесінде 33 пәтерлік бір көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

2016 жылдың 6 айлық қорытындысы бойынша 2015 жылдан өтпелі 15 көпқабатты тұрғын үйдің 34,5 мың шаршы метр құрайтын 510 пәтері бар 9 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жалпы жыл соңына дейін әртүрлі қаржыландыру көздерінен 27 көпқабатты тұрғын үй құрылысын бастау жоспарда бар. Қазір Қызылорда облысы құрылыс салу көлемі бойынша республикада көшбасшы аймақтардың қатарында. Тек 2015 жылдың өзінде Қызылорда қаласында 54 көпқабатты тұрғын үй салынып, 2684 сырбойылық баспаналы болды. Бұл – Қазақстандағы екінші көрсеткіш. Алматы қаласының өзінде өткен жылы 51 үй бой көтерген болатын. Осылайша біз тұрғын үй құрылысы жөнінен Астанадан кейін екінші орында келеміз. Осы жерде сәл ғана статистика цифрларына кезек берелік. Соңғы 102 жылда Қызылорда облысында тұрғын үйлердің пайдалануға берудің орташа көрсеткіші 18,6 пайызды құрады. Еліміз бойынша бұл көрсеткіш 14,9 пайызға тең. 2009 жылдан бері тұрғын үй құрылысына тартылған инвестиция көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Сонымен бірге оның жалпы инвестиция ішіндегі үлесі де өсе түсуде. Үлесі 3,5 пайыздан 9,1 пайызға көтерілді. Ағымдағы жыл басында өңірімізде тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 6,7 пайызға артып, 6,1 млрд теңге болды.

Осы орайда «Соңғы үш жылда Қызылорда облысында 8901 пәтер салынып, тапсырылды. Бұл – жылдар бойы жеке баспана күткен, асыл армандарына жетіп, қоныс тойын тойлаған отбасының саны. Біз осы қарқынды биыл да сақтап қалу үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» және «Тұрғын үй құрылысы жинақ Банкімен» қоян-қолтық жұмыс істейміз. Бүйыртса, биыл да былтырғыдан кем емес көлемде құрылыс жүреді» деген облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың сөзін келтіргенді жөн көрдік.

Осылайша, биыл барлығы 75 көпқабатты тұрғын үй бой көтереді деп жоспарланып отыр.

Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

КӨГІЛДІР ОТЫН КЕНТКЕ КЕЛДІ

2004 жылы Елбасы тапсырмасына сәйкес, «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасын жүзеге асыру басталды. Ел қазынасынан бөлінген қомақты қаражат алдымен Қызылорда қаласын газдандыруға бағытталды. Аз уақытта газтурбиналық станса пайдалануға берілді. Бас шаһардың көпқабатты және жеке сектордағы тұрғын үйлері, коммуналдық-тұрмыстық мекемелер, кейін шағын және орта бизнес нысандары ілеспе газға қосылуға мүмкіндік алды. Бұл облысты газдандырудың бірінші кезеңі болатын.

Облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес, аталған компания өткен жылы аймақты газдандыру ісіне 23 млрд теңге көлемінде инвестиция салды. Осылайша, облыста газдандырудың екінші кезеңі басталды. Бұл қомақты қаражатқа аймақтағы 4 аудан орталықтарына, атап айтқанда, Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері мен Байқоңыр қаласына автоматтандырылған газ тарату стансаларының құрылысы мен квартәлішілік газ құбырларын салу жұмыстары жүргізілді.

Үстіміздегі жылы да газдандыру аясында ауқымды жұмыстар жоспарланған. Бүгінде Қызылорда облысының аудан орталықтары мен қала маңындағы елді мекендерді газдандыру «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының бойында қарастырылған бұрыптар (отвод) арқылы жүзеге асырылуда. Шоқай, Қамыстыбас, Тереңөзек, Ақсуат, Бесарық, Ақеспе елді мекендерінде АГТС орнатумен қоса, «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан газ құбырыбұрыпының құрылысы» және Жақсықылыш кентін газдандыру бойынша жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын алу үшін 226,5 млн теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда аталған жобалар бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

2016 жылы облыстық бюджеттен Қызылорда қаласындағы Талсуат ауылдық округін және үш әлеуметтік нысандарын газдандыру үшін 271,2 млн теңге қаржы қаралды. Бүгінгі күні құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, елді мекенді газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласында АГТС-2-ден шыны зауытына дейін газ құбыры-бұрыпының құрылысын жүргізу үшін Ұлттық қордан 1,5 млрд теңге, облыстық бюджеттен 170,5 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда, аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу басталды.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның 11,7 млрд теңге инвестициялық бағдарламасы арқылы облыстың қалған 3 аудан орталықтары – Жосалы, Тереңөзек, Жалағаш кенттері және Қызылорда қаласындағы газдандырылмай қалған тұрғын үйлерді газдандыру жоспарлануда. Оған қоса, 2017 жылғы 10 жобаны (Жосалы, Сексеуіл, Қамыстыбас, Шоқай АГТС-терінің құрылысы мен Ақай, Төретам, Сексеуіл, Қамыстыбас, Жалағаш, Белкөл елді мекендерінің квартәлішілік газ құбырларының құрылысы) республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін 10,6 млрд теңгеге тиісті министрлікке бюджеттік өтінімдер жолданды. Осылайша, көгілдір отын аймақ тұрғындарын қуанышқа бөлеуде.

И.ДӘУІРБЕК.

«Мен Аралға көмек көрсетсем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АРАЛ ӨҢІРІ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

2005 жылдың 27 сәуірінде Қазақстан Президенті екікүндік жұмыс сапарымен Сыр өңірінде болды. Елбасы бұл сапарын Арал өңірінен бастады. Алдымен Кувейт қорының есебінен қайта жарақтандырылған су құбырын пайдалануға беру рәсіміне қатысты.

Аралда Президентті қошеметпен қарсы алуға жиналған қауым алдында Елбасы: "Мен Аралға көмек көрсетсем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын. Осыдан 10 жыл бұрын мұндай жобаны қиял түрінде көз алдымызға елестетуге болатын еді. Жалпы, Арал өңірінің экологиялық, әлеуметтік ауқымды шараларына мемлекет тарапынан 100 млн АҚШ доллары көзделсе, оның 14 млн доллары ғана сапалы ауыз су жеткізу мақсатына бөлінді. Әрбір ауру-сырқаудың 30 пайызы осы судың сапасыздығынан болып отыр. Таза су барлығымызға шипа болсын!" деді аса бір толқыныс сезімімен.

Осы жылы Елбасының қолдауымен Сыр өңірінде жүзеге асырылған САРАТС жобасының бірінші кезеңі аяқталып, осының нәтижесінде 2 мың тонна су маржаны өндіріліп, кейін оның мөлшері 11 мың тоннаға жеткізілді.

Арал өңірінде САРАТС жобасының нәтижесінде инфрақұрылым ерекше қарқынмен дамыды, көлдер жүйесінің өрісін кеңейтуге айрықша маңыз беріледі. Ақсай-Қуандария көлдер жүйесі мен Райым көлдер аймағын суландыруға қажетті нысандар қолға алынады. Жоба бойынша Қамыстыбас балық питомнигінде майда шабақтарды өсіру көлемін ұлғайту жұмыстарына мән берілді. Бұл қалпына келген теңіз бен көлдердің биоқорларын байытуға, балықтандыруға негіз қалады.

Кіші Аралды кемеріне толтырған осы жобаның арқасында бүгінде Аралда ауланған балық Еуропа нарығында сатылып жатыр. Бұл мемлекет қолдауы арқасында өңір өндірісінің сапаға да мән бере бастағанын аңғартады. Қазіргі таңда Арал айдынында балықтың 22 түрі ауланууда.

Бүгінде Арал ауданында балықты өсіру мен аулау ісі ғана емес, сонымен қатар сол өнімді өңдеу ісі де жақсы жолға қойылған. Ауданда балық өңдеумен 7 кәсіпорын айналысып келген болатын. Жылына 6 мың тоннаға дейін балық өңдей алатын «Арал балық өңдеу зауыты», және «Қуаныш» балық зауыты, «Арал Сервистік дайындау орталығы» «Камбала балық БӨО» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Ақбасты», «Жамбыл» өндірістік кооперативтері және «Бөген Сервистік дайындау орталығы» тұрақты жұмыс істеп балық шаруашылығына ерекше серпін беруде. Осы кәсіпорындар арасында, заманауи тұрғыда салынған балықты терең өңдеумен «Арал балық өңдеу зауыты» , «Арал СДО» мен «Бөген СДО» серіктестіктері айналысады. Жыл басынан бері көксеркенің 129,6 тонна жон еті Польшаға, 120,0 тонна қатырылған балық Грузия мемлекеттеріне сатылған.



Ихтио-қоры молайған Арал теңізінің жағалауынан тағы бір балық өңдеу зауыты өз жұмысын бастады. Жылдық қуаттылығы 3 мың тоннаға есептелген өндіріс ошағында су маржанының 15 түрі өңделеді. Сырбойылық кәсіпкерлер қазірде теңіз байлығын шикізат түрінде емес, терең өңдеп сатудың тиімділігін сезінді. Оған өнімнің 50 пайыздайының Еуропаға экспортталуы дәлел. Табиғат пайдаланушылар болса, тауар өтімділігін аймақтағы экономикалық және экологиялық сауықтыру шараларының жемісі деп санайды. Арал теңізі мен балық зауыты ашылған Қарашалаң ауылының арасын небәрі 15 шақырым бөліп тұр. Елді мекеннің 50-ге жуық тұрғыны жаңа кәсіпорыннан жұмыс тауып, көңілдері шат.

Теңізден сүзілген су маржаны тазаланып, арнайы қоймада мұздатылып сақталады. Сыйымдылығы – 300 тонна. Негізінен көксеркенің жон етіне сұраныс бар. Айта кетсек, сервистік кешен құрылысы жеке құрылтайшылардың қаржысы есебінен салынып отыр. Жалпы облыста жылына 11 мың тонна балық өңдейтін 8 зауыт жұмыс істейді. Барлығы да соңғы технологиялармен жабдықталып, халықаралық талаптарға жауап береді.

Былтыр ауланған 7200 тонна балықтың 3461 тоннасы өңделді. Оның ішінде 1762 тонна балық шетелдерге экспортталды. Ол Польша, Ресей, Грузия, Германия сияқты мемлекеттерге экспортталып отыр. Соңғы 3 жылда өңірде балық аулау 2 мың тоннаға немесе 30 пайызға көбейген. Сала мамандары мұны Сырдария арнасын реттеу және Арал теңізін сақтау жобасының алғашқы кезеңінің сәтті жүзеге асырылуымен тығыз байланыстырады.

Елбасының тікелей қолдауымен жүзеге асырылған Сырдария өзенінің арнасын кеңейту және Солтүстік Арал теңізін сақтау жобасы шын мәнінде ғасырлық жобаға айналды. Оның түпкі нәтижесін бүгінде Арал халқы көріп отыр. Арал өңірі қайта түледі, елдің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы анағұрлым жақсарды.

Ж.ӘЛМАХАН.

АГРОӨНЕРКӘСІПТЕГІ АУҚЫМДЫ ҚАДАМДАР

Елбасы Н.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде ата кәсібіміз – мал шаруашылығын өркендетуге барынша жағдай жасалып жатыр. Өзге аймақтарға қарағанда ертеден-ақ аграрлық салаға арқа сүйеген Сыр елінде бұл бағытта баянды тірліктер жүзеге асуда. «Сыбаға", «Алтын асық», «Құлан» мемлекеттік бағдарламалары негізінде соңғы жылдары аймақта төрт түлік басы молайып, олардан алынатын өнім көлемі ұлғайып, оны өңдеу де қолға алына бастады.

Бүгінде аймақта «Сыбаға» бағдарламасы аясында үстіміздегі жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 38 шаруашылық 371,3 млн теңге несие алып, 2100 бас сиыр мен 105 бас бұқа сатып алынды. Жыл аяғына дейін бағдарлама толығымен жүзеге асырылатын болады.

Қой басын өсіру мақсатында 4 шаруашылық 22,1 млн теңге несиеге қол жеткізіп, шаруалар жыл басынан бері мыңға жуық қой сатып алса, «Құлан» бағдарламасы бойынша 9 шаруашылық 97,3 млн қаржыға 325 бас бие мен 35 бас асыл тұқымды айғыр алынып, мал басын асылдандыру әрі өнім өндіру және көбейту мақсатында жұмыс істеп жатыр.

Аймақта «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасын іске асыру кешенді жоспарын жүзеге асыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Осы мақсатта жалпы қуаттылығы 2220 бас ірі қара малына арналған 18 мал бордақылау алаңдары жұмыс істеуде. Аймағымыз буферлік аймақтан шығып, ет өнімдерін шетелге экспортқа тасымалдау мүмкіндігіне ие болды. Бұлар өз кезегінде шет мемлекеттерге өнім экспорттауға үлкен мүмкіндік береді. Ата кәсібіміз – мал шаруашылығын өркендетіп, бағдарламалардың аймақ тұрғындарына берер үлесі сүбелі болмақ.

Шаруашылықтарды ірілендіру бағытындағы бастама аясында облыста құрылған 72 ауылшаруашылық кооперативінің 19-ы мал шаруашылығымен айналысатын құрылым болса, 20-сы егіс саласындағы кооператив. Қалғаны – көпсалалы шаруашылықтар.

Қызылорда Қазақстан бойынша тұтынатын күріштің 95 пайызын қамтамасыз етеді. Былтырғы жылы қызылордалық диқандар әр гектардан 50,5 центнер жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.

Аграрлық секторға көрсетілген мемлекеттік қолдауға үстіміздегі жылы 8,7 млрд теңге бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 7,4 пайызға артты.

Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында ауыл шаруашылығына аса үлкен көңіл бөлінеді. Мысалы, облыстың агроөнеркәсіптік кешені саласында 2016-2017 жылдар аралығында жаңа және озық технологиямен жабдықталған 19 жобаны іске асыру қолға алынды. Биылдың өзінде 12 жоба іске қосылатын болады. Олардың қатарында жылыжай кешені, қуаттылығы жылына 2 мың тонна ет өндейтін комбинат, шұжық және жартылай фабрикаттар дайындау кәсіпорны, сүт фермасы, 15 мың қойды бордақылау және ет өңдеу кешені, бройлер және қаз құстарын өсіру секілді жобалар бар. Сонымен қатар, 50 мың бас қойға арналған бордақылау алаңы мен 7 мың тонна ет өңдеу комбинатының құрылысы басталады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытында шетелдік инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс жасалуда. Айталық, Иран Ислам Республикасы, Қытайдың «COFCO», «JIXIN commercial investment management corp» компаниялары агроөнеркәсіптік кешені саласында ынтымақтастықты қалыптастыру көзделіп отыр. Олар құс етін өндіретін фабрика салу, қой етін өндірісін дамытуға, томат сықпасы зауытын және түйе сүтін өндіретін нысандар салатын болып келісілді. Қазірде жобаның бизнес-жоспары әзірленуде. Соңғы жылы ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі 11 есеге артқан.

Сонымен қатар, облыс орталығында тәулігіне 3 тонна ет өнімдерін өндіретін фабрика құрылысы, Сырдария ауданында 5 мың бас қой өсіруге арналған кешен және 10 мың бас малға арналған бордақылау алаңы мен жылдық қуаты 250 тонна болатын ет комбинатының құрылысы жүруде. Бұл нысандарды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ АЙМАҚ

БІЛІМ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫ

Ақпараттық технологиялар заманында жоғары білімді ұлт болуымыз үшін жас ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеудің маңызы өте зор. Өскелең ұрпақтың бүгінгі келбеті еліміздің ертеңін елестетеді. Ал, ел ертеңін қалыптастыру білім беруді жаңғыртудан басталады. Сондықтан да ел тәуелсіздігін алған тұстан-ақ ең алдымен осы білім саласына бөлінетін қаржы еселеп артып, мектептер мен балабақшалар саны артты.

Сөзімізді нақтылар болсақ, соңғы төрт жылда аймағымыздың білім саласын дамытуға бөлінген қаржы екі есеге ұлғайып, биылдың өзінде 75 млрд теңге бөлінді. Облыстағы 3 ауысымдық білім беруді болдырмау, мектептерде оқушы орнының тапшылығын азайту, апаттық мектептерді жою бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін беріп келеді. Мәселен, соңғы 2013-2015 жылдары облыс бойынша 43 білім беру нысанының құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. 2013-2014 оқу жылында 3 ауысымдық білім беру жойылып, 36 апаттық мектептің 25-і қайта салынды. Бүгінгі күні 11 апаттық мектептің құрылысына жергілікті бюджеттен тиісті қаражат бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды.

«Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында 3 білім беру нысанының құрылысы яғни Шиелі ауданының Ә.Тәжібаев ауылындағы 300 орындық, Тасбөгет кентіндегі 300 орындық мектептер мен Қызылорда қаласындағы 280 орындық балабақшаның құрылысы, мерзімінде аяқталып, жаңа оқу жылында пайдалануға берілді. Мұнан бөлек 4 мектеп пен 2 балабақшаның құрылысы және 13 білім беру ошағына жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, ел игілігіне тарту етілді.

Бүгінгі күнге облыста 708 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, оның ішінде (450 балабақша, 258 шағын орталық) жұмыс жасайды, оларда 47216 бала тәрбиеленуде. Ал 299 жалпы білім беретін мектепте 143 мыңға жуық бала білім алуда. Биылғы жылы бірінші сыныпқа 19 мыңға жуық бала қабылданды.

Елбасының Үкімет пен жергілікті әкімдіктерге берген тапсырмасы үш ауысымды мектептер мәселесін шешу, апаттық жағдайдағы білім нысандарының орнына жаңасын салу және балабақшамен қамтуды 100 пайызға жеткізу болатын. Бұл мәселелер 2020 жылға дейін орындалуға тиіс болса, біздің аймағымыз мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыруда республиканың өзге өңірлеріне қарағанда әлдеқайда көш ілгері екенін айта кету керек. Тағы да деректерге жүгінер болсақ, 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді балабақшамен қамту өткен жылы 100 пайызға жетті. Облыста мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін кеңейту жолға қойылған. Мысалы, жұмыс жасап жатқан 450 балабақшаның 293-і, яғни 65,1пайызы, ал 2015 жылы ғана ашылған 97 балабақшаның 93-і жекеменшік балабақшалар екендігі сөзіміздің дәлелі.

Қазіргі таңда, Мемлекет Басшысының қолдауымен білім саласына ерекше назар аударылып, жастардың білім алуына және біліктілігін шыңдауға барлық жағдай жасалуда. Оның айқын дәлелі 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы аясында үш жылда аймағымыздан 3829 мектеп бітіруші түлектер солтүстік, батыс өңірлерде білім алуға мүмкіндік туды. Осы аталған бағдарлама бойынша өткен жылғы мемлекеттік тапсырыстың басым бөлігін иеленген Сыр елінің жастары болды. Биылғы жылы да біздің түлектеріміздің белсенділігі жоғары екенін мақтанышпен айтуға болады.

ЕЛ САУЛЫҒЫН САҚТАУДАҒЫ БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР

Кез келген мемлекеттің даму деңгейі әлеуметтік хал-ахуалымен өлшенеді. Оның ішінде халықтың денсаулығын сақтау жолындағы бағындырған биігіне көп байланысты. Өйткені, адам денсаулығы – ең басты құндылық.

Еліміз егемендікке қол жеткізген тұста қазақ елі қат-қабат қиындықты бастан кешірді. Қанатын жайған қысқарту емдеу мекемелерін айналып өткен жоқ. Жалақыдан күдер үзген ақ халатты жандар басқа кәсіпке ауысып кетіп жатты. Әрине, бұл қиыншылық күрмеуі көп ұзамай шешіле бастады. 1992 жылы облыстық диагностикалық-кеңес беру орталығының іске қосылуы мен Қазалы аудандық емханасының жаңа ғимаратқа көшірілуі – Сыр медицинасының серпілуіне жол ашты. Көңілдегі күдікті сейілтіп, сенімнің шоғын үрледі.

1998 жылы ТМД елдерінде теңдесі жоқ облыстық медициналық орталық іске қосылып, салтанатты ашылу рәсіміне Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Бұл – жылдан жылға бойына қан жүгірген Сыр медицинасының аяғына тік тұрып, еркін қадам басуына негіз қалады. Аталған орталық Қазақстан-Жапония Үкіметтерінің келісімі нәтижесінде, 3 млн 800 мың долларлық медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, Сыр бойының ем-дом жасаудағы қарым-қабілеті ТМД елдері арасында көш бастап, өсіп-өркендеудің даңғыл жолына түсті.



Саланы қаржыландыру толықтай жүйеге түсіп, дәрігерлерге жасалатын көмектің көкжиегі кеңейіп, білім-білігін арттыруға жағдай жасала бастады.

Елбасымыз 2005 жылы «Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамыту» жөніндегі бағдарламаны бекітті. Бұл құжат қамқорлықты одан әрі еселей түсті. Айталық, 2005 жылы Сыр елінде денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржы 5 млрд теңге болса, 2010 жылы 13 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл уақыттары Арал, Қармақшы, Сырдария, Қазалы – 4 аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерлері, Жаңақорған аудандық ауруханасы, Арал аудандық емханасы және 56 ауылдық емдеу ұйымдары жаңа ғимаратқа көшті. Өз кезегінде емдеу нысандарының материалдық-техникалық базасы нығайтылып, магнитті резонанстық томограф пен компьютерлік томография өндіріске енгізілді. Сондай-ақ, 2009 жылы облысымыз республикада бірінші болып, өз қаржысымен шалғайдағы науқастарға шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында ұшақтармен қамтылған санитарлық авиация қызметін жүзеге асырды. Кардиологиялық орталық ашылып, жүрекке ашық ота жасай бастауымыз да осы жылдың еншісіндегі жетістік.

2011-2015 жылдар аралығында «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде облыстың денсаулық сақтау саласы бұрын-соңды болмаған биіктерді бағындырды. Айталық, саланы қаржыландыру 14 млрд теңгеден 34 млрд теңгеге көтерілді. Заманауи «Ана мен бала орталығы», №3 қалалық емхана, Шиелі, Тереңөзек, Қармақшы, Жалағаш аудандық емханалар, ауылдарда 38 медициналық ғимарат салынды. Санитарлық автокөліктерге деген сұраныс толықтай қанағаттандырылып, 5 жыл ішінде 375 мамандандырылған автокөлік жаңадан алынды. 2012 жылы нейроинсульттік орталық қызметін бастап, инсульт алған науқастарға ота жасала бастады. Осының арқасында науқастар Алматы, Астана асып, дертіне дауа іздеуді азайтты. Яғни, Қызылорданың сырқаттың көптеген түріне ем жасау мүмкіндігі жыл сайын арта бастады. 2014 жылы бүйрек ауыстыру отасын жасауға қол жеткіздік. Мұның барлығы маңдай термен, үлкен ізденіспен келген жетістік екендігі даусыз. Оның жарқын дәлелі – аймақтағы ақ халатты жандар алыс-жақын 28 мемлекетпен байланыс орнатқан. Тағы айта кету керек, 2014 жылы Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласы бойынша бір тұрғынға жұмсалатын шығыны Астанадан кейінгі екінші орынға жайғасты.

Биыл Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл. Айтулы мерекеге орай, аймағымызда бірнеше емдеу орындары, Түгіскен дәрігерлік амбулаториясы, Жаңақорған аудандық емханасы, облыстық балалар ауруханасы пайдалануға берілмек. Азат күннің шуағына шомылып, бейбіт өмір бесігінде тербелген еліміздің есен-аман жүруі үшін жасалар жағдай Елбасымыздың мерейлі жыл қарсаңында 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасымен жалғасын табары сөзсіз.

Ширек ғасырда шыққан шыңды төмендегі деректермен қорытындыласақ дейміз. Тәуелсіздік жылдарында Сыр бойындағы туу көрсеткіші – 6,7 пайызға артып, тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы 34,4 жастан 71,9 жасқа жетті. Әр үйде сәби күлкісі естіліп, ата мен әженің құшағында ер жетсе, одан артық қуаныш бола қоймас, сірә!

ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІНЕ АЙНАЛҒАН "ДОСТЫҚ ҮЙІ"

Облыста ұлтаралық келісім мен татулықты нығайту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Оған өткен жылы облыс орталығынан «Достық үйінің» ашылуы дәлел. Әртүрлі этномәдениеттерді жоғалтпай дамыту, аймағымыздағы түрлі ұлт өкілдерінің тілі мен дәстүрін өркендету – бұл өңірдегі татулықтың тірегіне айналған осы мекеменің басты мақсаты.

Этномәдени бірлестіктерді біріктірген «Достық үйі» өткен жылдың желтоқсан айында ашылып, бұрынғы Ы.Алтынсарин атындағы кинотеатр ғимаратына орналасты. Қайта жаңғыртудан өтіп, қосымша 1300 шаршы метрге кеңейтілген нысанға өзіндік сәулеттік ерекшеліктер енгізілген. Концерт және мәжіліс залдары, кітапхана, асханасы бар еңселі ғимаратқа этно-мәдени орталықтар, сондай-ақ облыстық ассамблея жанынан құрылған ардагерлер мен аналар кеңесі қоныстанған. Қазіргі таңда 11 этномәдени орталықтың басын біріктіріп отырған Достық үйінің атқарып жатқан жұмысы да ауқымды. Онда жыл сайын еліміздегі татулықты нығайтуға арналған түрлі мерекелер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, қайырымдылық жұмысымен айналысу да дәстүрге айналған. Бекем бірлік пен берекелі іске бағыт алған өзге ұлт өкілдері елімізде әр ұлттың өз тарихы мен мәдениетін насихаттауға арналған түрлі іс-шаралардың ұйымдастырылғанына қуанышты. Бұл да болса, ұлтаралық келісімді одан әрі дамыту, түрлі этнос өкілдерінің мәдениетіне деген құрметті қалыптастыру, елдегі бейбітшілік пен достықты сақтау бағытында мемлекет тарапынан атқарылған жұмыстардың жемісі іспетті. Себебі, осындай ауқымды істердің атқарылғанына ризашылық білдірген өзге ұлт өкілдері Қазақстанды бауырластықтың бастауы деп біледі.

ЧЕМПИОНДАР ТҮЛЕГЕН ӨҢІР

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ экономикалық қиындықтарға қарамастан, елімізде дене шынықтыру мен спорттың дамуына ерекше көңіл бөлінді. 1996 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен 1996-2016 жылдарға арналған дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылданып, ол 2001-2005 және 2007-2011 жылдар аралығында екі мәрте, 2011-2015 жылдарға "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы жасалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Қазақстан – 2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында да "…дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің ерекше қамқорлығында болуы керек" деп атап көрсеткен болатын. Осыған орай, облыста бұқаралық спортты дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Оған дәлел, өңірде дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылданушылар саны 1991 жылғы 44 мың 500 адамнан бүгінде 192 мың 885 адамға жетіп, жалпы тұрғындар үлесінің 25,3 пайызын құрап отыр.

Аймақтың спорт инфрастуктурасы көрсеткіштеріне көз жүгіртсек, 1991 жылы 827 спорт нысаны, оның ішінде 7 стадион, 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 158 спорт залы болса, қазіргі таңда облыста 2095 спорт нысаны, оның ішінде 11 стадион, 17 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 373 спорт залдары жұмыс жасауда.

Облыс тарихында тұңғыш рет "Мұз айдыны" спорт кешені, теннис және бокс орталықтары, 3000 көрерменге арналған Ипподром салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Орталық стадионның қосалқы футбол алаңына қайта жаңғырту жұмыстары басталса, алдағы күндері қысқы спорт түрлерін дамыту мқсатында шорт-трек бөлімшесін ашу жоспарлануда. Соңғы бес жылда облыста 320 шағын спорт алаңы пайдалануға берілсе, барлық аудан орталықтарындағы стадиондарға жасанды шөп төселіп, орындықтар қайта қалпына келтірілді.

Спорт мектептерінде шұғылданушылар үлесі де жыл санап артып келеді. Бұл ретте жоғары білікті спортшылар және спорт резервін әзірлеу бағытында Олимпиада резервін даярлау орталығы, жоғары спорт шеберлігі мектебі, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, сондай-ақ 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жұмыс жасауда. Осы спорт мектептерінде 16439 оқушы 31 спорт түрімен шұғылданады.

Сыр спортын әңгіме еткенде, алдымен ауызға ғаламат күш иесі Илья Ильин есімі оралады. 2012 жылы Тұманды Альбион елінде өткен төртжылдық бәсекеде бокстан Марина Вольнова, күні кеше аяқталған Рио-де-Жанейро олимпиадасында ауыр атлет Александр Зайчиков қола жүлдегер атанды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылында аймақта Азия ойындарының 11 чемпионы мен жүлдегерлері, 3 жасөспірімдер олимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегерлері, 524 ҚР спорт шеберлері мен 97 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері дайындалды. Облыс спортшылары ҚР чемпионаттарында 355 медаль жеңіп алса, оның 106-сы алтын, 103-і күміс, 146-сы қола медаль. Азия және әлем чемпионаттарындағы 18 медальдің 7-і алтын, 5-і күміс және 6-ы қола. Аймақта бір елімізге еңбек сіңірген, екі халықаралық дәрежедегі, 15 спорт шебері, 323 спорт шеберлігіне үміткер дайындалып, Ұлттық құрамаға 395 спортшы енді.

«СБ» тілшілер тобы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
КЕЗЕКТЕН ТЫС 6-СЕССИЯ, №50
31 ТАМЫЗ 2016 ЖЫЛ, ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

«2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 325 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мемлекеттік тіркеу № 5588, 2016 жылғы 02 қыркүйек

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 325 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5269 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 29 желтоқсанда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 167 643 609,3 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 6 998 453,8 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 3 602 405,1 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 157 040 750,4 мың теңге;
2) шығындар – 165 327 273,0 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 13 218 713,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 14 806 411,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 1 587 698,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 3 630 653,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 3 636 953,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 6 300,0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -14 533 029,7 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 14 533 029,7 мың теңге.»;

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. 2016 жылға арналған аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативтері 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап төмендегідей көлемінде белгіленсін:

1) 101.201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» және 101.205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» кодтары бойынша бюджеттерінен:
Арал ауданы – 16,4%;
Қазалы ауданы – 13,3%;
Қармақшы ауданы – 13,4%;
Жалағаш ауданы – 8,4%;
Сырдария ауданы – 100%;
Шиелі ауданы – 13,2%;
Жаңақорған ауданы – 6,3%;
Қызылорда қаласы – 21,1%;

2) 101.202 «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» коды бойынша бюджеттерінен:
Арал ауданы – 0%;
Қазалы ауданы – 0%;
Қармақшы ауданы – 0%;
Жалағаш ауданы – 0%;
Сырдария ауданы – 100%;
Шиелі ауданы – 0%;
Жаңақорған ауданы – 0%;
Қызылорда қаласы – 21,1%;

3) 103.101 «Әлеуметтік салық» коды бойынша бюджеттерінен:
Арал ауданы – 27,4%;
Қазалы ауданы – 20,5%;
Қармақшы ауданы – 23,6%;
Жалағаш ауданы – 21,0%;
Сырдария ауданы – 100%;
Шиелі ауданы – 21,9%;
Жаңақорған ауданы – 22,3%;
Қызылорда қаласы – 10%.»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. «Жергілікті атқарушы органдар борышының 2016 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 маусымдағы №280 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органы борышының 2016 жылға арналған лимиті 32 057 486,9 мың теңгені құрағаны ескерілсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 6-сессиясының төрағасы
І. Тілеп

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы
Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы «31» тамыздағы кезектен тыс 6-сессиясының 50 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «10» желтоқсандағы 42-сессиясының № 325 шешіміне 1-қосымша

2016 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	167 643 609,3
1			Салықтық түсімдер	6 998 453,8
	01		Табыс салығы	2 763 340,0
		2	Жеке табыс салығы	2 763 340,0
	03		Әлеуметтік салық	1 792 159,0
		1	Әлеуметтік салық	1 792 159,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 442 954,8
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 442 954,8
2			Салықтық емес түсімдер	3 602 405,1
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	205 706,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	12 000,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	16 000,0
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	2 000,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	175 706,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 087,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 087,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	909 547,1
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	909 547,1
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 485 065,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 485 065,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 000,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	157 040 750,4
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	4 350 087,4
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	4 350 087,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	152 690 663,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	152 690 663,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бюджеттік бағдарлама		
			Атауы	
			1. Шығындар	165 327 273,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 596 634,4
	110		Облыс мәслихатының аппараты	49 216,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48 792,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	424,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 803 879,6
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 528 178,8
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	121 657,7
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	29 778,1
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	15 972,0
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	105 886,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 407,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	3 020 792,1
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 747,1
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 350,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 907 695,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	213 111,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	165 733,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	46 440,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	938,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	114 734,0
		078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	114 734,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	207 571,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	207 516,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	55,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	65 572,1
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 572,1
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	49 670,4
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 670,4
	730		Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамсыз ету басқармасы	46 789,0
		001	Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамсыз ету жөніндегі қызметтер	46 789,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	25 299,2
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	25 299,2
02			Қорғаныс	1 228 693,2
	296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 228 693,2
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	41 999,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	18 313,0
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	226 824,2
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	92 868,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 765,0
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	841 924,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5 354 855,4
	120		Облыс әкімінің аппараты	25 876,0
		015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трасферттер	25 876,0
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5 328 979,4
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 081 231,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 449,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 136 320,4
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	40 591,0
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	48 858,0
		015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	11 182,0
		024	Дағдарыстық жағдай қаупы төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізу	8 348,0
04			Білім беру	22 254 334,4
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	479 357,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	60 830,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	418 527,0
	261		Облыстың білім басқармасы	16 264 064,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	102 164,0
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	938 887,0
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	10 065,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	11 743,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	730 465,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	210 867,0
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	256 554,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	17 091,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 293 419,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 620 568,0
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 855 483,0
		029	Әдістемелік жұмыс	59 299,0
		050	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	437 322,0
		054	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 588 104,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	254 601,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	877 432,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 095 922,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 822 044,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	273 878,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 414 991,4
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	590 300,4
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 824 691,0
05			Денсаулық сақтау	37 955 694,1
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	32 123 599,1
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	150 774,7
		004	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитариялық көмек және медициналық ұйымдар мамандарын жіберу бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуі	37 860,0
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	393 441,0
		006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	139 238,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	172 381,1
		009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	5 841 350,8
		011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	1 218 347,0
		013	Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу	59 252,0
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	747 083,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	25 463,0
		017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	1 250,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	20 871,0
		019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	347 182,0
		020	Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	185 469,0
		021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	85 402,0
		022	Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ ағзаларды транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	417 575,0
		026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	343 320,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 564 199,9
		028	Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау	93 663,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	30 539,0
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	141,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	789 015,0
		036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	9 690,0
		038	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу	178 611,0
		039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	17 810 002,0
		045	Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету	425 879,6
		046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	1 035 599,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 832 095,0
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	5 821 770,2
		083	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік-акушерлік пункттерді салу	10 324,8
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 609 051,7
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 284 074,1
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	107 498,6
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	262 582,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	333 026,9
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	6,0
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	546 391,6
		014	Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	514 399,0
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	433 213,0
		017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	922,0
		018	Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	144 453,0
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	5 548,0
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	219 612,0
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	4 831,0
		047	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	22 248,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	32 602,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	43 335,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	613 406,0
	261		Облыстың білім басқармасы	204 302,8
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	156 343,8
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	47 959,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	35 793,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	35 793,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	15 019,8
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 019,8
	295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	59 862,0
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	59 862,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	10 000,0
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	10 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	13 850 665,5
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	2 867 540,5
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	124 130,7
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	2 306 128,0
		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	63 782,6
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	373 499,2
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	10 983 125,0
		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	937 915,6
		025	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	245 000,0
		034	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	9 800 209,4
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4 791 451,3
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 062 583,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	211 728,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	132 275,0
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	590 339,0
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	23 052,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	11 855,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	93 334,0
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 662 629,8
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	77 713,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	207 188,0
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	325 044,0
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	561 610,0
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	171 528,8
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	225 275,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	11 535,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	82 736,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 662 099,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	260 745,0
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	88 079,0
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	977 011,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	13 854,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	322 410,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	10 974,5
		010	Туристік қызметті реттеу	10 974,5
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	393 165,0
		018	Мұрағат объектілерін дамыту	50 000,0
		024	Спорт объектілерін дамыту	177 823,0
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	165 342,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	751 220,4
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	751 220,4
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	548 081,4
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	203 139,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9 616 899,3
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	70 401,5
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39 610,0
		003	Жер қатынастарын реттеу	30 791,5
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 225 541,8
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 354,0
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	6 331,0
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	18 382,2
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	716 189,0
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	13 930,0
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	375 355,6
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	5 000,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	7 958 744,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	148 439,0
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	17 497,0
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	349 002,0
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	1 899,0
		019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	57 983,0
		020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	1 994 000,0
		029	Ауылшаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	30 495,0
		041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	471 674,0
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	23 391,0
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	6 227,0
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	1 061 158,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	865 434,0
		051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	16 103,0
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	2 408 242,0
		054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	1 200,0
		056	Кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау	500 000,0
	725		Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	53 988,0
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 988,0
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	308 224,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 586,0
		028	Уақытша сақтау пунктіне дейін ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер	3 654,0
		030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	157 568,0
		052	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	102 416,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	383 432,0
	724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	64 717,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 717,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	318 715,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	294 105,0
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	24 610,0
12			Көлік және коммуникация	7 607 865,6
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	7 607 865,6
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 740,8
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	2 860 574,1
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	121 014,0
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	17 682,0
		007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 532 224,9
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	1 070 177,8
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	944 452,0
13			Басқалар	23 532 299,1
	120		Облыс әкімінің аппараты	365 200,0
		008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	365 200,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	17 522 722,2
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	98 398,0
		048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	819 989,0
		055	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен катар оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	14 753 622,0
		056	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 850 713,2
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	477 777,0
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	477 777,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	2 955 211,1
		024	Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	2 259 074,1
		037	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	696 137,0
	280		Облыстың индустриялдық-инновациялық даму басқармасы	116 110,0
		001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	116 110,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	619 610,8
		051	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	619 610,8
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	1 475 668,0
		005	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	19 000,0
		006	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	1 286 668,0
		015	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	170 000,0
14			Борышқа қызмет көрсету	7 236,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	7 236,0
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7 236,0
15			Трансферттер	28 786 940,6
	257		Облыстың қаржы басқармасы	28 786 940,6
		007	Субвенциялар	28 599 752,0
		011	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	158 497,8
		017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	6 346,9
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	22 343,9
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	13 218 713,0
			Бюджеттік кредиттер	14 806 411,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 761 260,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 761 260,0
		037	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	1 761 260,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 008 921,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 785 924,0
	271	048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	4 785 924,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 222 997,0
	271	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	6 222 997,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1 336 230,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 336 230,0
		025	Мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	1 336 230,0
13			Басқалар	700 000,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	700 000,0
		007	Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ несиелеу	500 000,0
	279	069	Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	200 000,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 587 698,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 587 698,0
	1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1 587 698,0
		03	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1 377 698,0
		06	Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	210 000,0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	3 630 653,0
			Қаржы активтерін сатып алу	3 636 953,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	308 665,0
	279		Обылыстың Энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық басқармасы	308 665,0
		047	Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері	154 396,0
		049	Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде жарғылық капиталын ұлғайтуға	154 269,0
13			Басқалар	3 328 288,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	2 068 288,0
		005	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2 068 288,0
	279		Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	900 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	900 000,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	360 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	360 000,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	6 300,0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	6 300,0
		1	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	6 300,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-14 533 029,7
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	14 533 029,7
7			Қарыздар түсімі	14 306 411,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	14 306 411,0
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	6 222 997,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	8 083 414,0
			Қарыздарды өтеу	1 577 698,0
16			Қарыздарды өтеу	1 577 698,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	1 577 698,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1 577 698,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1 804 316,7
			Бюджет қаражаты қалдықтары	1 804 316,7
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 804 316,7
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 804 316,7

«Қорқыт есімі қобыздың ішегінде, халықтың жүрегінде», – деп жазады Мұхтар Әуезов.

АҢЫЗ БЕН ҒАРЫШ МЕКЕНІ

Түркі халықтарының барлығына ортақ Қорқыт ата туралы аңыздардың негізгі өзегінде ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың айқасы, өлмес өмірді іздеу сияқты терең тағылымдар жатыр. Сондықтан тілі мен мәдени танымы бір туыстас халықтар Қорқыт ата тыныс тапқан мекенге тәу етуді армандайды.

Ұлы жолдың бойындағы мемориалдық кешен жаңа келбетке енгелі мұнда тоқтайтын, арнайы келетін туристер қатары көбейген. Соңғы үлгідегі құрылыс материалдарымен қайта жаңғыртылған кешенге қазіргі заманғы қонақ үй, мейрамхана, намаз оқу бөлмесі, сауна және бассейн кіреді. Елбасы тапсырмасымен Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында қайта қалпына келтірілген ескерткіштің тарихи-тағылымдық, танымдық мәні бұрынғыдан да арта түсті.

Қорқыт ата кешенінде басында ортасында дөңгелек алаңы бар амфитеатр салынған. Бұл жерде «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық музыкалық өнер фестивалі өткізіліп келеді. Сатылай көтерілетін тұйық шеңбер көрермендерге арналған. Дүниенің төрт тарабына қараған қобыз бейнелі ескерткіштің ортасындағы кернеулерден Сырдың желі ескенде Қорқыттың күйі төгіледі. Ал өнер фестивалі кезінде ұзан күйін әлемнің әр түкпіріндегі түркітілдес елдерден келген ұрпақтары жалғап жатады. Қорқыт ата іздеген өнердің өнегесі арқылы мәңгі жасау деген осы болар, сірә.

Кешен басында 3 экспозициялық залдан тұратын музей бар. Онда ескі дәуірдің тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлер қойылған. Қордағы 700-ге жуық экспонат келушілердің қызығушылығын тудыратын мәнге ие.

Алдағы жылы EXPO-2017 халықаралық көрмесінің қонақтарына көрсетілетін туристік нысандар қатарына Қорқыт ата кешені де енгізілді. Ұлы жолдың бойында жатқан қасиетті орынның жер кіндігі – Байқоңырға қоңсылас болуы да тегіннен-тегін емес. Адамзаттың ғарышпен байланысына алғаш жол ашқан Байқоңыр да туристер көруге ұмтылатын нысан.

Қасиетті мекенге, сәулет өнерінің үздік туындысына қызығушылар, Қорқыт ата туралы аңыздарды зерттеушілер кешен басына арнайы келеді. Қазір мемориалдық кешен «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің қонақтарын қабылдауға сақадай сай. Туристер талғамынан шығу үшін мұндағы қызмет көрсету сапасын арттыруға барынша мән берілуде.



ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘЙЕГІ

Сыр топырағы ұлт мәдениетінің мәйегі сақталған өңір саналады. Бұл негізсіз емес, ежелгі ұзандар үні тербеген дария бойында кейін жыраулар мектебі қалыптасты. Руханияттағы осы жалғастық бүгінде Сырдағы дәстүрлі өнердің негізгі қазығына айналып отыр.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басқа салалар секілді аймақ өнері мен мәдениеті де ауыр кезеңді бастан кешті. Көптеген мәдени ошақтар жабылғанын да ұмыта қойған жоқпыз. Бірақ, көп ұзамай еңсе тіктеген елде мәдениеттің көші түзелді. Ауылдарда клубтар салынып, салаға бөлінетін қаржы көлемі де ұлғая түсті.

Бүгінде облыс бойынша 407 мемлекеттік жүйедегі мәдениет және өнер мекемелері, оның ішінде 171 мәдениет үйі мен клубтар, 11 музей, 209 кітапхана, 11 архив, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры, облыстық филармония, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі және 1 парк жұмыс жасайды. Жыл өткен сайын мәдениет саласына жергілікті бюджеттен бөлінетін тиісті қаражат көлемі артып келеді. Сонымен бірге облыста 23 типтік жобадағы клуб, 4 музей және бір кітапхана құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Ал, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық кітапхана жаңа ғимаратқа көшірілді. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы ашылды. Онда 8 мыңнан аса кітап, тұтынған заттары мен қолжазбалары сақтаулы. Аталған кітапханада Сыр бойының құжаттық мұраларын сақтау және сирек кездесетін өлкетану қорын интернет жүйесі арқылы қолдануға мүмкіндік беретін «Сырдария» электронды кітапханасы құрылды.

«Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерден 54 мәдениет нысаны күрделі жөндеуден өтті. Айта кетерлігі, облыстық тарихи-өлкетану музейіне жөндеу-реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп, музей заманауи үлгіде толығымен қайта жабдықталды. Соңғы жылдары облыс орталығында ашылған көркемсурет галереясы мен балалар изостудиясы – саланы дамытудағы бастамалардың көрінісі. Елбасы тапсырмасымен Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешенін жаңғырту жұмысы қолға алынып, толық аяқталды.

Облыс көлемінде 511 тарихи-мәдени мұра нысандары мемлекет қорғауына алынды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ қалашықтарына археологиялық-зерттеу жұмыстары нәтижелі жүргізіліп келеді. Облыс аумағындағы 34 ескерткішке қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Сыр өңіріндегі өнер мен мәдениеттің қарашаңырағы соңғы жылдары біраз белесті бағындырды. 2012 жылы Түркияның Кония қаласында өткен «Мың тыныс және бір дауыс» атты түркітілдес театрлардың Халықаралық фестиваліне түрік драматургы Торғай Нардың «Төбекөз» спектаклімен қатысып, арнайы дипломмен марапатталса, биыл Ұлыбританиядағы қазақ өнерінің күндері аясында Д.Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасын Англия астанасы Лондонның төрінде орналасқан Британ корольдік музыкалық театр сахнасында талғампаз ағылшын көрермендеріне ұсынды. Саф өнерді жазбай танитын ағылшындықтар тамашалаған бұл қойылым – шет ел сахнасындағы қазақ тілінде көрсетілген тұңғыш спектакль. Сыр бойындағы өресі биік өнер ұжымының бұл бастамасы қазақ ұлттық драматургиясының жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетіп отыр.

Тәуелсіздік жылдарына дейін облыс бойынша небәрі 3 мұрағат болып, онда 157940 құжат сақталып, қор саны 926-ны құраған. Ал, қазіргі кезде облыста архив мекемелерінің саны 11-ге жеткен. Қызылорда облысының архив жүйесі республикада бірінші болып «Электронды мұрағат» ақпараттық жүйесін қолданысқа енгізді. Соның нәтижесінде Қызылорда қаласынан 600 мың сақтау бірлігіне арналған «Мұрағаттар үйі» ғимаратының жаңа құрылысы басталды.

С.АДАЙБАЕВА.

«АгромашХолдинг» АҚ: КҮРІШ ЖИНАЙТЫН КОМБАЙНДАР. ЖАҚЫНДА.

«АгромашХолдинг» АҚ белорусь өндірушісі «Гомсельмаш» ААҚ-мен бірлесіп, Қызылорда облысының күріш өсірушілерін комбайндармен қамтамасыз етуге әзір.

«АгромашХолдинг» АҚ өндіретін ауылшаруашылық мақсаттағы техниканың желісін ұлғайтып, нарықта ұсынылған алуан түрлілігінен лайықты нұсқаны тұтынушыларға таңдап алуға мүмкіндік береді. Көп жылдан бері кәсіпорын жетекші белорусь өндіруші зауыты - «Гомсельмаш» ААҚ-мен бірге қызмет істеп келеді. Қазақстандық аграрлықтарды сапалы және қолжетерлік техникамен қамтамасыз ету – кәсіпорындар арасындағы сенімді қарым-қатынастардың түйінді факторы болып табылады. Жақында өндірушілер арасындағы серіктестік қарым-қатынастар дамудың жаңа сатысына көтерілді. Сөйтіп, бизнес жүргізудің жаңа тәсілдемесімен қатар бірлескен кәсіпорын пайда болды, соның шеңберінде өндірілетін және сатылатын өнімнің тізімі ұлғайтылады. Зауыттар комбайндардың жаңа үлгілерін өндіруге кіріседі және ең маңыздысы: ең жақын келешекте күріш жинайтын комбайн мен «ПАЛЕССЕ CS200» өздігінен жүретін шөп шапқышын шығара бастайды. Өндірушілердің осы жоспарлары қызылордалық күріш өсірушілерге қатты ұнады. «АгромашХолдинг» АҚ басшыларынан, сондай-ақ жетекші конструктор мен «АгромашХолдинг» зауытындағы «Гомсельмаш» компаниясының тұрақты өкілінен тұратын делегация «Егістік күні-2016» семинар-кеңесіне қатысып, өңірдегі шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесті. Кездесу жемісті өтті: Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы құрамалары өндірушілермен бірге қызмет етіп, ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделілігін білдірді.Зауыттар, өз кезегінде, қабылданған шешімдер дұрыстығына көз жеткізді: расында, күріш өсірушілерге өнімділігі жоғары және тиімді комбайндар өте қажет. Қазіргі сәтте облыс аумағында белорустық «Палессе» комбайндары бар. Аграрлықтардың айтуы бойынша бұл техника тек жақсы жақтарынан өзін көрсетті: сапалы, өнімді және өз класында өте лайықты болып табылады. Бірақ, пайдалану үдерісі кезінде ауылшарушылық машиналарға сервистік қызмет көрсету өте қажет. «АгромашХолдинг» АҚ бірінші орынға өнім тұтынушыларын, олардың қамдары мен тілектерін қойғандықтан, компания осы жағдайға қатыспай қала алмады. Комбайндарға техникалық қызмет көрсетуде қол ұшын беру үшін, зауыт құрамында «АгромашХолдинг» АҚ мен «Гомсельмаш» ААҚ жоғары білікті мамандары бар сервистік бригаданы құрып, қызылордалық аграрилерге жәрдем етуге жіберді.

Осы орақ маусымының жұмыстарын аяқтау мақсатында бірлескен кәсіпорын өз күшімен амортизацияланған техниканы қалпына келтіргенше, компаниялар туындаған мәселені қисынды жолмен шешуге әзірленеді. Біріншіден– қызылордалық күріш өсірушілердің талаптары мен тілектеріне сүйеніп, күріш жинайтын комбайндар өндірісін жолға салу, ал екіншіден – ауыл шаруашылығы машиналарына кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Комбайнды шығару – істің жартысы деп осында ойлайды, техника түрлі себептер бойынша сынып қалуы мүмкін: пайдаланудың ауыр жағдайлары, егістіктердің түрлі конфигурация мен жайкүйі, климаттық жағдайлар. Өте маңызды: ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жоғары білікті маманның көмегін ұсыну – ол сөзбен де, іспен де аграриге келіп техниканы да жөндейді, пайдалануға байланысты кеңестер де береді, ал керек болса, қажетті қосалқы бөлшектермен де қамтамасыз етеді. «АгромашХолдинг» АҚ ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланатын фермерлердің бақытына орай, бұндай қызмет барлық егін егетін өңірлерде көрсетіледі. Күріш жинайтын комбайндарға Қызылорда қаласындағы Өңтүстік дирекциясына жататын сервистік орталық қызмет көрсетеді. Қазірдің өзінде бірлескен кәсіпорынның өкілдері өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерінен қанша техника қажет екенін анықтап жатыр. Өндірушілер берген уәде бойынша, комбайндар барлық қойған талаптар мен стандарттарға сәйкес болады және оларды қолжетерлік бағамен сатып алуға күріш өсірушілердің мүмкіндіктері бар.

Ангелина СИНЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ (120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 немесе uzdr@korda.gov.kz) 2017 жылға Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне еркін тіркеу науқанына қатысу үшін Қызылорда облысы аумағында әлеуетті қызметтер берушілерді айқындау рәсімі өтетіні туралы хабарлайды.

Әлеуетті қызмет берушілер тіркеу науқанына қатысуға арналған densaulyk.e – kyzylorda.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған өтінімдер мен нысандарды, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесін «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-қабат, 209-кабинетке ұсынады.

Қатысуға арналған өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды тапсырудың соңғы мерзімі 2016 жылғы 27 қыркүйек, сағат 17.00-ге дейін.

Тіркеу бойынша науқанға қатысуға арналған өтінімдер 2016 жылғы 30 қыркүйекте, сағат 17.00-де, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-қабат, 209-кабинетте қаралатын болады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мына телефондар арқылы алуға болады: (8 7242 23-44-05, 40-04-51 (ішкі – 3014)).

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
- **Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;**
- **Қайғы-қасіретке ұшырау;**
- **Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);**
- **Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;**
- **Жұбайлардың кетіп қалуы;**
- **Белсіздік, баласыздық;**
- **Жалғыздық, некесіз тұру;**
- **Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;**
- **Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;**
- **Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.**

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жай әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

Фатима.



Анна Сіздерді қыркүйектің 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, сол жақта «Татьяна» салоны, Анна деген жазу ілулі тұрады).

Жарамсыз деп есептелсін

Митенова Арайлым Әбенқызының атына 1993 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қуандария ауылындағы №186 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген А №063186 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Наурызбаева Нуржамал Утеевнаның атына 2003 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектептің 9 сыныбын бітіргені жөнінде берілген НОБ №1044088 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

"Қазақстан" РТРК" АҚ Ақмола облыстық филиалының ұжымы "Қазақстан" РТРК" АҚ Маңғыстау облыстық филиалының директоры Жанахмет Жәнібекұлы Ағыбаевқа әкесі **Ағыбаев Жәнібек Кәрімұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ЖАЙНАҒАН, ЖАҢАРҒАН ҚЫЗЫЛОРДА!

Астана болған Ақмешіт бұл күнде жайнаған гүлге оранған абат мекенге айналды. Шаһар шырайланып, ай санап ажарланып, күн санап көркейіп келеді. Толқыны тулаған Сырдың бойындағы шайырлар елінің бүгінгі келбеті көз тартарлықтай.

Әлбетте қала дамуының қай қыры болмасын, қаражат мәселесіне келіп тіреледі. Бюджеттің бүйірі толған сайын түрлі мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуда. 2016 жылға қала бюджеті 31,2 млрд теңге болып бекітілсе, жыл басынан бері Ұлттық қордан, республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша 55,2 млрд теңге қаралды. Осының нәтижесінде бюджет жыл басынан бері 177 пайызға артып отыр.

Алдыңғы кезекке экономиканы қойсақ, онан соңғы орында халық игілігі үшін тартылған инфрақұрылым. Соңғы үш жылда қаладағы жол құрылысын дамытуға 15 млрд. теңгеден астам қаражат тартылған. Оның ішінде ауыз толтырып айтарлығы, қаланың бас жоспарына сәйкес, Сұлтан Бейбарыс көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралықты қамтып, Сырдария өзенін бойлай өтетін 7 шақырымдық жол. Айналма жолдың салынуына облыстық бюджеттен 1 млрд 932 млн теңге жұмсалуда. Одан бөлек, Сырдарияның қос жағалауын

Мұратбаев көшесінің тұсында қосатын көпір құрылысы да биылғы қазан айында табысталады деп күтілуде. Шаһардың шет аймағында да жол жөндеу жұмыстары қарқын алған.

Сыр жұртшылығын қуанышқа бөлеген қала қақпасы да шаһар келбетін ашып тұр. Өңірдегі іргелі компаниялардың бірі – «УАД» ЖШС қалаға кірер қос қақпаның салынуына демеушілік жасап, құны 120 млн теңге болатын әсем қақпаны пайдалануға берді. «Сырдария-Қызылорда» бағытында да осындай өрелі істер атқарылып, қалаға кірер қақпа салынған.

«Ел болашағы – білімді ұрпақ» деген қанатты сөзді жадында тоқыған біздің ел білім мәселесіне жіті назар аударған. Биылғы жылы Мемлекет басшысының бастамасымен өңірлерді дамыту мақсатында қолға алынған ең маңызды бағдарлама – «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Тасбөгет кентінен 300 орындық мектеп, қала орталығынан 280 орындық балабақша ашылды. Ертеңін ойлаған елдің келешегі де кемел болары анық.

Түнгі шаһардың шамы көрік беріп, күндізгі қаланың келбеті көңіл қуантады. Жайнаған аймақтың даңғыл жолында әсемдікке көмкерген түрлі нысандар бой көтеруде. Оның ең бастысы, көкпен тірескен зәулім хан сарайындай тұрғын үйлер. Дағдарысқа қарамастан, құрылысы қарқынды дамыған өңір Елордадан соңғы, екінші орынды еншілеген. Оған қоса, қалада жұртшылық серуендейтін саябақтар мен демалыс орындары да заман талабына сай жаңарған. Таяуда ғана Орталық алаңдағы субұрқақ жаңа кейіпке енді. Бұрынғы көнерген субұрқақтың орнына 20-30 метр биіктікке дейін көтерілетін жаңа субұрқақ салынды. Ол түрлі-түсті түр беріп тұрады. Ал қала қонақтары мен тұрғындары жаңа нысандардың айналасында мәресәре.

Қызылорда қаласы соңғы 3-4 жылдың көлемінде адам танымастай өзгерді. Ойлы-қырлы, шұрық-тесік жолдардың орнын кең жолақты даңғылдар басқан. Тозығы жеткен бағаналардың орны жаңа заманның әсем бағаналармен толығып, түрлі безендірулермен көмкерілген. Міне, жаңарған Қызылорда кісі көзін қызықтырарлықтай.

Дәулет ҚЫРДАН,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ
(сурет).

«БӘЙТЕРЕК» ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

«Бәйтеректе» жері бардың суы, газы, жолы бар. Қызылорда республикада алғаш болып жер теліміне мұқтаж азаматтарға берілер жерді инфрақұрылымы тартылған, дайын күйінде табыстайды. Мұндай қуанышқа 6 600 қызылордалық кенеліп отыр.

Қызылорда қаласында барлығы 49 мыңнан астам азамат жер кезегінде тұр. Соңғы рет 2004 жылы ғана жер телімі табысталған. Одан бері жарияланған мораторий нәтижесінде кезекте тұрғандар саны күрт артты. Осыдан бірнеше жыл бұрын жергілікті басшылықтың тынымсыз жұмысы нәтижесінде Қызылорда-Жезқазған трассасынан 980 гектар аумақ тұрғындар үшін даярланған еді. Құжаттары әзірленіп, қаражаты шешілді. Бұл күнде толқыны тасыған Сырдарияның бойын жайлаған ағеден елдің он екі жылдан бергі тілегі осылайша қабыл болды.

Бұл қуаныштың орны бөлек. Ақмешіт тарихында үлкен әріптермен жазылып қалар тарихи күнде киіз үй тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен сайыс ұйымдастырылды. Халқы шамамен 36 мың адамды құрайтын жаңа «Бәйтерек» шағын ауданы бой көтереді. Мұндай үрдіс республикада көш бастаған Қызылорда үшін таңсық емес. Соңғы үш жылда Сыр шаһарында 11 жаңа шағын аудан құрылған.

Бұл аумақты тұрғындарға үлестіріп беру үшін де зор жұмыс атқарылған. Шағын ауданға 75 шақырым жол, 353 шақырым су жүйесі, сондай-ақ, 112 шақырым газ құбыры мен 152 шақырым электр желілерінің тартылуы үшін ел қазынасынан 10 млрд теңге бөлінді. Жер беру рәсімінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев көңілін қуаныш кернеген халықтың шаттығын еселейтін аймақтағы ауқымды істерді де тілге тиек еткен болатын.

– Соңғы үш жылда шаһарымызда 82 көпқабатты үй салынып, 3502 отбасы қоныс тойын тойлады. Бүгінгі берілген жер телімі де өз баспанасына қол жеткізе алмай жүрген талай жанның қуанышы. Қаламыздың «Мерей», «Ақмешіт» шағын аудандары он жылдап тұрғызылса, бүгіндері сәулеті келіскен мұндай шағын аудандарды айналасы бір-екі жылдың ішінде тұрғызуға мүмкіндік зор, – деген еді Қ.Көшербаев.

Бұл ауданда өз алдына диагностикалық орталық, 260 төсектік аурухана, ауысымына 100 келушіні қабылдай алатын балалар және әйелдерге кеңес беру емханасы, 280 орындық төрт балабақша мен 900 орындық бес мектеп бой көтеретін болады. Сондай-ақ, шағын ауданда стадион, мешіт пен мәдениет үйі, демалыс саябағын салу жоспарда бар. Айта кетейік, мұндай игі іс аудан орталықтарында да жүзеге асырылмақ.

Дәулет ҚЫРДАН,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ
(сурет).

Облыс тұрғындарының назарына!

Мектеп жасындағы балаларыңыз немесе көршіңіздің балалары әлеуметтік себептермен мектепке бара алмай жүрсе, «Нұр Отан» партиясының жергілікті жерлердегі филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

Біздің байналыс телефондарымыз: 8(7242) 26-46-28; 8 778 097 71 08;E-mail: kyzylorda@nurotan.kz

БЖЗҚ қайтыс болған туыстардың жеке зейнетақы шотының болуын не болмауын тексеруді өтінеді

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (БЖЗҚ) БЖЗҚ-да қайтыс болған салымшылардың зейнетақы жинақтары бар 1998 жылдан бері ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) бар екенін хабарлайды.

Осыған орай жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе БЖЗҚ-ға жерлеуді жүзеге асыруға біржолғы төлем алуға не мұрагерлік бойынша зейнетақы жинақтарын төлеуге бұрын өтініш бермеген отбасы мүшелерінің не қайтыс болған салымшыларды жерлеуді жүзеге асырған тұлғалардың қайтыс болған салымшыда ЖЗШ болуын не болмауын тексеру және ЖЗШ болса, жерлеуді жүзеге асыруға/мұрагерлік бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру мақсатында БЖЗҚ өңірлік бөлімшелеріне келуін өтінеміз.

Қайтыс болған салымшыда ЖЗШ болуын не болмауын тексеру үшін мұрагердің немесе жерлеуді жүзеге асырған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты және салымшының қайтыс болғаны туралы куәлікті алып келу қажет.

Жерлеуді жүзеге асыруға немесе мұрагерлік бойынша зейнетақы жинақтарын төлеуді ресімдеуге қажет құжаттар тізімін қор сайтының (www.enpf.kz) «Қызметтер» - «Алушыларға» - «Зейнетақы төлемдерін ресімдеу тәртібі» - «Алушының қайтыс болуына байланысты төлемдер» бөлімінен алуға болады.

Мәлімет үшін БЖЗҚ-дан жерлеуді жүзеге асыруға төлемнің республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ ЖЗШ-дағы қаражаттан аспайтын мөлшерде бір рет төленетіндігін хабарлаймыз. Ағымдағы жылы 1 АЕК – 2 121 теңге. Біржолғы жерлеуге төлем жасалған соң зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз болған жағдайда, бұл қалдық аталған төлем сомасына қосылады.

Байланыс орталығы 14-18
(Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін)
www.enpf.kz

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті кезқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөмірінe хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 29141
Тапсырыс №1058